



## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейнебайланыс арқылы өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты. Мемлекет басшылары Ауғанстандағы жағдай және оның ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне тигізетін әсері туралы пікір алмасты. Сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы сын-қатер-

лердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдарды талқылады.

Қазақстан Президенті өз сөзінде барлық сын-қатерлерді, соның ішінде терроризм мен экстремизмнің таралуы, қару-жарақпен есірткінің заңсыз саудасының артуы, заңсыз көші-қон, босқындардың жаппай қозғалысы, аймаққа деструктивті элементтердің енуі секілді мәселелерді кешенді

түрде қарастыру керек екеніне назар аударды.

Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және ұйымның шұғыл әрекет етуіне бағытталған бірқатар ұсыныс айтты.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы биыл 16 қыркүйекте Душанбе қаласында өтеді.



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПУТИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жұмыс сапарымен Мәскеуге барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесу өткізді.

Күн тәртібінде Ауғанстандағы жағдайға қатысты өңірлік қауіпсіздік, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық және интеграциялық байланыстар аясындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Ресей Президентіне Мәскеуге шақыр-

ғаны үшін алғыс білдірді. Қазақстан Президенті екі ел арасындағы барлық бағыттағы өзара ынтымақтастыққа жоғары баға берді. Владимир Путин екі ел арасындағы тығыз байланыстарды атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі жақты сауда-экономикалық байланыстар мен өңіраралық қатынастарды нығайтуға қолдады.

Ресей Президенті өз кезегінде жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелеріне ерекше мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев туындап отырған сын-тетеуріндерге байланысты екі ел арасындағы өзара іс-қимылдардың маңызды екенін атап өтті.

— Шын мәнінде, біз қауіпсіздік мәселесіне қатысты саясатымызды үнемі кеңесіп жүргіземіз. Бұл мәселе, әсіресе Ауғанстандағы жағдайға келгенде аса өзекті. Алдағы іс-қимылдарымызды жүйелеу үшін Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білгім келеді, — деді Қазақстан Президенті.

## Әлібек Дінішев – Еңбек Ері

Қасым-Жомарт Тоқаев Халық әртісі Әлібек Дінішевті «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттады.

Мемлекет басшысы мәдениет майданының мерейтойымен құттықтап, өнерге сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Әлібек Дінішевтің жарты ғасырға жуық атқарған қызметіне ризашылығын білдірді.

— Қазақтың маңдайына біткен ең дарынды тұлғаларымыздың бірісіз. Бәріміз сізді мақтан тұтамыз. Қазақстанда да, шет мемлекеттерде де өзіңізді білмейтін адам жоқ. Әлемдік деңгейде сіздің өнеріңізді бәрі жоғары бағалайды. Педагог ретінде де, қоғамдық жұмыстарда да белсендісіз. Тәуелсіз еліміздің дамуына сіңірген еңбегіңіз орасан. Осы қызметіңізді ескере отырып, отандық мәдениетті дамыту мен музыка өнерін дәріптеудегі айрықша еңбегіңіз үшін жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім



қабылданды. Мен оны лайықты шешім деп есептеймін, — деді Қазақстан Президенті.

Әлібек Дінішев Мемлекет басшысына еңбегін бағалап, құрмет

көрсеткені үшін алғысын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдау соңында Әлібек Дінішевке денсаулық, кәсіби және қоғамдық жұмысына табыс тіледі.

## Президент «Қайсар – 2021» оқу жаттығуына барды



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы «Қайсар-2021» оқу-жаттығуына барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұлан құрылымының Алматы облысындағы Жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында өткен «Қайсар-2021» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларына барды.

Мемлекет басшысына арнайы жасақ қызметкерлерінің қоян-қолтық ұрысқа дайындығы көрсетілді. Президент жаттығу жүйелері, биікке өрмелеу қабырғалары және оқу орталығының мультимедиялық мылтық ату полигонын аралады.

Жоғарғы Бас қолбасшы әскерилер алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанның мықты мемлекет болып қалыптасуына құқық қорғау органдары елеулі үлес қосып жатқанын атап өтті.

Президент құқық қорғау органдарында қызмет ету физикалық және психологиялық қысымға ұшыратады, тіпті кейде жеке өміріне де қауіпті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жедел-тактикалық жаттығуларға баға бере келе, Ішкі істер министрлігі түрлі дағдарыстардың алдын алуға және жолын кесуге тас түйін дайын екендерін көрсетті деді. Мемлекет басшысы осы жетістіктермен тоқтап қалуға болмайтынын, халықаралық озық тәжірибені мүқият зерделеу, отандық мамандарды дайындау жүйесін дәйекті түрде жетілдіру қажет екеніне тоқталды.

— Халықаралық ахуалдың шиеленісуі жағдайында біздің күштік құрылымдар мейлінше ұтқыр болуы тиіс. Ауғанстандағы жағдайға байланысты қоғамда аландаушылық артып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл оқиғалар Қазақстанға тікелей қауіп төндірмейді. Алайда белгілі бір дәрежеде қатері бар. Сондықтан біз жағдайды мүқият бақылап, кез келген сын-қатерге лайықты жауап беруге дайын болуымыз керек, — деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Жоғарғы Бас қолбасшыға Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев ведомство қызметкерлерінің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тапсырмаларды орындауға дайындығы туралы баяндап, арнайы әскери техникалар мен қару-жарақтардың үлгілерін көрсетті.

## Көңіл айтты

Елбасы Сұлтан Оразалиннің дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті белгілі жазушы, сыншы, тележурналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Оразалиннің дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтты. «Сұлтан Шәріпұлы бүкіл саналы ғұмырын әдебиет пен мәдениетке, әсіресе қазақ телевизиясы мен радиосының өркендеуіне арнады. Сонымен қатар егемендік жылдары бірқатар жауапты мемлекеттік қызметтерді де абыроймен атқарып, қаламгерлік пен қайраткерліктің тізгінін тең ұстаған талантты тұлға, майталман маман болатын. Оның қоғамдағы көкейкесті мәселелерді арқау етіп, әлеуметтік астарын аша білген айшықты авторлық бағдарламалары мен әдеби-мәдени хабарлары, танымдық телеқойлымдары, мазмұнды кітаптары қашанда өз құндылығын жоғалтпас анық», — делінген жеделхатта.

Елбасы шебер ұйымдастырушы, сұңғыла сұхбатшы ретінде көпшіліктің ықыласына бөленген абзал азаматтың ғибратты ғұмыры мен жарқын бейнесі жұртшылық жадында әрдайым сақталатынына сенім білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі жазушы, қоғам қайраткері Сұлтан Оразалиннің отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ телевизиясының құрметті ардагері, Халықаралық телевизия және радио академиясының академигі Сұлтан Оразалиннің дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтамын. Сұлтан Шәріпұлы отандық телеарнада жемісті жұмыс істеп, ұлттық құндылықтардың қайта жаңғырып, көгілдір экранда насихатталуына мол үлес қосты. Саяси-әкімшілік қызметті де абыройлы атқарды. Авторлық құқық, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, ұлттық саясат, терминология мен ономастика мәселелерін көтеріп, көкейкесті ойлары мен ұтымды бастамаларын қоғам назарына ұсынды. Қарымды қаламгер ретінде шығармашылық жолда да табысты еңбек етті. Өнегелі ғұмыр кешіп, сонына әдеби мол мұра қалдырған Сұлтан Шәріпұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», — деп жазылған Президенттің жеделхатында.

## Ауғаннан ел ауа ма?

«Талибан» қозғалысының (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) қазіргі мәлімдемелеріне қарасақ, олар билік етуге ұзақ уақытқа келгендей. Өткен аптада саясатының негізгі бағыттарын да жариялап үлгерді. Алайда ауған халқы қолына қару ұстап, өткеншек көргеніне балаша қуанатындардан жақсылық күтіп отырған жоқ. Шамасы келсе, аман қалатын жаққа қашып құтылмақшы. Яғни, босқындардың жаңа легі лап бермекші деген сөз. Егер Ауғанстан жұрты Орталық Азия елдеріне бет алса, босқындар қазақ жеріне жете ме? Жетсе, Үкімет оларды қабылдай ма?

Бүгінде Кабул әуежайы әлі де АҚШ әскерлерінің қорғауында. Әуежай — стратегиялық нысан, барлық өте қатынасы осы жер арқылы өтеді. «Талибан» билікке келгені оның маңызы арта түсті. Қаба сақал қарулы кісілердің билігінен қашқан ауған халқы кез келген ұшаққа отырып, шетелге көшуге даяр. Мүмкіндік болса, АҚШ-ты бетке алмақ. Жақында әуежайды қоршаған темір сым арқылы нәрестесін АҚШ жауынгерлеріне беріп жатқан ауғандықтардың суреті әлем медиасында тез таралып кетті. Шетелге өзін кетпесем де, балам жетсін деген аналардың әрекеті екені көрініп тұрды.



## Атқарылған жұмыстарға оң баға берілді



Мемлекет басшысы Алматы әкімінің қаланы абаттандыру жөніндегі жобаларымен танысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыдағы жұмыс сапары қаланы абаттандыруға бағытталған жобалармен танысудан басталды.

Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысына қаланың полиорталық моделін қалыптастыруды көздейтін «Жаңа Алматы» бағдарламасы туралы баяндады. Бұл жоба қала тұрғындары үшін өмір сүруге қолайлы жағдай жасап, олардың еркін демалуына жана қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған.

Мемлекет басшысы әкімнің есебін тыңдағаннан

кейін барлық жобалар қалада қауіпсіз орта қалыптастырып, шаһардағы өсімдіктер қорын сақтап қалуға бағытталуы қажет екенін атап өтті. Президент құрылып жатқан жана саябақтар жергілікті тұрғындардың демалысына ыңғайлы болуы керек деп есептейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы қалада жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға берді. Қала басшысына әр ауданда тұрғындардың демалысы мен еркін жүріп-тұруына қолайлы заманауи алаңқайлар салуға көңіл бөлуі тапсырылды.

## Ауғанстаннан тағы бір ұшақ келді



Ауғанстаннан БҰҰ қызметкерлері мінген екінші рейс Қазақстанға келді. Бортта 108 адам бар. Бұл туралы Қазақстандағы БҰҰ баспасөз қызметі хабарлады.

«БҰҰ қызметкерлері мінген екінші рейс келді. Бортта 108 адам бар. Барлық орналастыру мәліметі бұған дейін баспасөз брифингінде айтылған ақпаратпен бірдей. Олардың Қазақстанға келуіне кеткен барлық шығын БҰҰ есебінен төленеді», — деді БҰҰ баспасөз қызметіндегілер.

Айта кетейік, 18 тамызда UNAMA қызметкерлері бар алғашқы борт Алматы әуежайына қонған болатын. Келген қызметкерлер халықаралық дипломат, БҰҰ паспорт иегерлері.

Ж.НҰРЛАНҰЛЫ

## Науқастың хаты жарияланды

Әлеуметтік желіде Шымкент қаласындағы ауруханалардың бірінде коронавирустан емделіп жатқан науқастың хаты жарияланды. Хат авторы өзіне ауа жетпей, қиналып жатқанын айтады.

Автор Instagram-дағы парақшасында хат жариялаған.

«Бұл хатты Шымкент қаласының коронавирустан емдеу орталығында Т.Орынбаев атындағы ЦГО-да жатқан науқас өз әйеліне жазған.

— Маған кислород жетпей жатыр. Бескөнса кислород өшіріп жатыр. Мен өліп қалатын шығармын. Мені кислород бар жерге ауыстырындар. Басқа шыдай алар емеспін. P.S. Науқас қайтыс болды» деп жазған ол.

Жазба желі қолданушыларының қызу талқысына түсті.

Гүл БЕКЗАТ



## Сақтандыру компанияларын алдаған алаяқ



Алматыда сақтандыру компанияларын алдаған алаяқ сотталды. Бұл туралы Полиция департаменті басшысының орынбасары Рүстем Әбдірахманов Instagram парақшасында хабарлады.

Оның айтуынша, 1988 жылы туған ер адамға қатысты істі Алматы ауданының полициясы тергеген. Сотталушының 2019 жылдың қаңтарынан бастап 2020 жылдың желтоқсанына дейін қылмыстық жоспар құрғаны хабарланды. Осылайша, ер адам жол апаты кезінде сақтандыру үшін Алматы қаласының сақтандыру компанияларынан заңсыз қаражат алып отырған.

Әбдірахмановтың сөзінше, осы уақыт аралығында ол «8 жол апаты болды» деп сақтандыру компанияларынан 20 млн теңгеден астам ақша алған. Алматы қаласы Алматы аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 190-бабы, 3-бөлігі, 1 және 4-тармақтары бойынша үкім шығарылған.

Г.БЕКЗАТ

## Аймақтың дамуымен танысты

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына іссапармен барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Әуелі «Маревен Фуд Тянь-Шань» кәсіпорнына барды. Мемлекет басшысына кәсіпорынның мүмкіндіктері туралы мәлімет берілді. Компания басшылығының мәліметіне сәйкес 4,5 гектар аумақты алып жатқан кәсіпорынға 30 миллиард теңге инвестиция салынған. Компания Жапония, Швейцария және Германиядан әкелінген инновациялық құрылғылармен тез дайындалатын азық-түлік өнімдерін шығарады. Жылына 85 мың тонна өнім шығаруға мүмкіндігі бар. Қазір кәсіпорын 500 миллион қаптама шығарса, соның 70 пайызы экспортталады.



барысы мен шығарылатын өнімдер көрсетілді. Зауытты аралап көрген Президент компанияның жұмыстарына оң баға беріп, табысты дами берулеріне тілектестік білдірді.



Сондай-ақ Мемлекет басшысы ЖШС 670 адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 95 пайызы жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкімі Аманжол Баталов өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында Іле ауданындағы «Лукойл Лубрикантс Орталық Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жағармай шығаратын зауытында болды. Мемлекет басшысына жұмыс

Сондай-ақ Мемлекет басшысы басшылығына өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды үнемі бақылауда ұстауды, вакцина салу жұмысын жеделдетуді тапсырды.



## Ұрланған көліктер қалай сатылады?

ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Қанат Нұрмағамбетов елімізде ұрланған көліктердің қалай сатылатынын түсіндіріп берді.

«Бүгінде ең көп таралған түрі лизинг, несие және автомобильді жалға алу болып отыр. Мәселен, соңғы уақытта Ресей Федерациясымен өзара іс-қимыл барысында мұндай жағдайға тап болатындар көбіейіп тұр. Ресейде алаяқтар көлікті лизингке сатып алады да, бірінші айында лизингті немесе несиені төлейді. Ал одан кейін машинаны Қазақстан аумағына айдап келіп, оны біздің аумақта сатып жібереді әрі біздің республиканың атына рәсімдейді», — деді Қанат Нұрмағамбетов Ішкі істер министрлігіндегі брифинг барысында БАҚ өкілдерінің сауалына орай.



Ал Ресейде лизинг компаниясы несиені төленбей қалғаннан кейін көлікті іздеп таппай қалады.

«Лизинг төлемі тоқтағаннан кейін ғана әлгі көлікке іздеу жа-

рияланады. Көлікті жалға алу кезінде де қылмыскерлер дәл осындай әрекетке барып жүргені белгілі болды», — деді ол.

Ж.НҰРЛАН

## Алты мектеп жабылды

СҚО өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жаңа оқу жылына дайындық барысы айтылды. Облыстық Білім басқармасы басшысы Гүлмира Кәрімова-ның айтуынша, өңірде 75 316 оқушы бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,5 мыңға көп.

Сондай-ақ алғаш рет 8 мың бүлдіршін бірінші сыныпқа барады. Оның жартысынан астамы Петропавлдың үлесінде. Ал өңірде 472 мектеп жұмыс істесе, жаңа оқу жылында 6 мектеп жабылды. Олардың қатарында Ақжар ауданындағы 1 мектеп, Аққайың ауданында — 1, Есіл ауданында — 1, Жамбыл ауданында — 2, Қызылжар ауданында 1 мектеп жұмысын тоқтатқан. Бұл бастауыш мектептерде небәрі 4 оқушыдан ғана оқыған. «Облыстағы мектептердің 78 %-ы

шағын жинақты мектептер. Жаңа оқу жылында 298 елді мекеннен 2 074 баланы тасымалдау жоспарланған, оның ішінде күн сайын 1 261 оқушы, апта сайын 813 оқушы тасымалданады. Бұл мақсатқа 124 автокөлік бар, оның 42-сі был-

тыр, 18-і биыл сатып алынды», — дейді Гүлмира Кәрімова. Сонымен бірге басқарма басшысы егер оқушы немесе мұғалім вирус жұқтырса, сынып қашықтан оқыту форматына көшеді.

Ж.МҮСЛІМ



## Депутаттар Шымкентке барды



Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Берік Оспанов пен Фахриддин Қаратаев Шымкент қаласына арнайы жұмыс сапары барысында Қаратау ауданында орналасқан Shymkent City шағынауданындағы көпқабатты тұрғын үй кешендерінің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Бүгінде «Damdes Құрылыс invest» ЖШС Shymkent City шағынауданындағы он қабатты 6 тұрғын үйдің (№1, 10, 9, 8, 7, 6) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізіп жатыр. Нысан инвестициялық жоба ретінде Shymkent әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-мен «Damdes Құрылыс invest» ЖШС арасындағы келісімшарт негізінде жүзеге асырылып жатыр. Тұрғын үйдің жалпы аумағы — 29 622 шаршы метр (420 пәтер). Қазір нысандардың қаржылан-

дыру үлесі 75%, яғни 4,2 млрд тенге.

Аталған көпқабатты тұрғын үйлер — «Шаңырақ 5-10-20», «5-20-25», сондай-ақ «7-20-25» бағдарламасы бойынша сату жоспарланып отыр.

Тұрғын үй кешендерінің бүгінгі құрылыс барысымен танысқан Мәжіліс депутаты Берік Серікұлы тұрғын үй нысандарына мемлекет бюджетінен де қаржыландыру қарастырылғандықтан, әлеуметтік мәселелерді де назардан тыс қалдырмау қажетін баса атап өтті. Соның ішінде, салынып жатқан 420 пәтердің арасынан тұрғысы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік әлсіз топтағы азаматтарға да баспана қарастырылу керектігін тілге тиек етіп, алдағы уақытта бұл мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын нақты қолға алатынын жеткізді.

Өз кезегінде мердігер мекеме басшысы құрылыс материал-

дарының күрт қымбаттауына байланысты тұрғын үй бағасының өсетінін ашық атап өтті.

Бұл мәселеге қатысты Мәжіліс депутаты Фахриддин Әбдінабиұлы

тұрғын үй салуға қажетті құрылыс материалдарының басым көпшілігі отандық болғанына қарамастан, бүгінде баспана бағасының өсуіне аландаушылық білдіріп, Мәжіліс отырыстарында бұл мәселені көтеру арқылы нарықтағы бағаның тұрақсыздығын анықтайтын алға тартты.

Сондай-ақ халыққа барынша қолайлы жағдай жасалуы қажеттігін жеткізіп, көлік тұрағы мен балалар ойнайтын алаңшаның орналасуына қайта қарастыру бойынша да ұсыныстарын білдірді.

Алдағы уақытта Мәжіліс депутаттары тарапынан білдірілген ұсыныстар Шымкент қаласының әкімі, «Nur Otan» партиясы филиалының төрағасы Мұрат Әйтеновтің назарына ұсынылып, жан-жақты талқылану жоспарланып отыр.

Бүгінде мұндай көпқабатты тұрғын үйлердің бой көтеруі халық саны артқан мегаполистегі баспана мәселесінің оңтайлы шешілуіне айрықша ықпал етіп отыр.

Назгул НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы



## Еңбек ұжымымен кездесті



Парламент Мәжілісінің депутаттары — «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Гүлнар Бижанова, Шамиль Осин және Тілегес Адамбеков жұмыс сапарлары аясында «Арселор Миттал Теміртау» ҚД «Восточная» ОБФ еңбек ұжымымен кездесті.

Кәсіпорынның негізгі шығаратын өнімі — халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін көмір концентраты. Кәсіпорынның жобалық қуаты-жылына 5 млн тонна көмір, ал қызметкерлер саны — 500-ге жуық. Кездесу барысында Мәжіліс депутаттары ОБФ жұмысымен танысып, басшылықпен және қызметкерлермен проблемалық мәселелерді талқылады. Пандемия салдарына байланысты өткен жылы Көмір концентратын өндіру 86%-ға дейін төмендеп, 1 200 мың тонна болған. Енді жыл соңына дейін 3,2%-ға немесе 2600,0 мың тоннаға ұлғайту жоспарланып отыр. Сондай-ақ мұнда технологиялық процесті жетілдіруге, байыту технологиясының тиімділігін арттыруға, шахта-

лардың қатардағы көмірлерін қайта өңдеу кезінде шығындарды азайтуға және жарамды өнімнің шығуын арттыруға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру қарқынды жалғасып жатыр. Кездесу барысында Гүлнар Бижанова «Арселор Миттал Теміртау» өндірістік кәсіпорнында ең озық қолжетімді технологияларға көшу бойынша жаңа экологиялық кодекс талаптарының орындалуы, Мәжілісте қабылданған басқа да заң жобалары туралы, жалпы жергілікті халықты толғандыратын мәселелер бойынша сөз сөйлеп, «Nur Otan» партиясының сайлаушыларға берген уәдделерінің орындалуы бойынша пікір алмасты.

Ж.НУРЛАН

## Бұқаралық спортты дамыту жүзеге аспақ

«Nur Otan» партиясы «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының аясында бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуды қолға алмақ. Партияның баспасөз қызметінің хабарлауынша, осы уақытқа дейін кәсіби спорт клубтарына жұмсалған қаржы енді ең алдымен балаларды денешынықтыруға баулып, бұқаралық спортты насихаттауға бағытталатын болады.

«Елбасы, партия Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қабылданған Жол картасы аясында сайлауалды бағдарламаларды орындауға ерекше көңіл бөлінді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Токиода өткен Олимпиада қорытындысынан кейін отандық спорттағы жедел және тиімді реформалардың қажет екенін атап өтіп, бұқаралық және балалар спортын дамытудың маңызына ерекше мән берді», — делінген хабарламада.

Енді елімізде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт клубтары барлық тірек ауылдарда ашылмақ. Жаттықтырушы-оқытушылардың жалақысы биыл 1,5 есеге, ал 2023 жылға қарай 2 есеге көбейеді. Денешынықтыру пәнінің мұғалімдеріне мектепте спорт секцияларын ұйымдастырып, оны жүргізгені үшін лауазымындағы базалық жалақысына 100% мөлшерінде қосымша ақы төленеді.

Биылдың өзінде барлық ірі аудан орталықтарында 127 мың спорт секцияларын ашу жоспарланған. 22 мыңнан астам балалар үйіріменің жұмысы қайта жанданатын болады. Әрбір ауылдық округте осы жылы 3 мың спорт нұсқаушысы лауазымын енгізу көзделіп отыр.

Өңірлерде де спорттық инфрақұрылымды дамытуға ерекше кө-



ңіл бөлінеді. Мысалы, Қостанай облысының Лисаков қаласында алғаш рет жалпы ауданы 2 мың шаршы метрден асатын теннис орталығы ашылды. Алматы облысына қарасты Райымбек ауданының Нарынқол және Балқаш ауданының Баканас ауылында әрқайсысы 180 орындық екі денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

Ұлттық спорт түрлері де назардан тыс қалмай, жаңа сергін алмақ. «Nur Otan» партиясы бұдан былай ат спорты түрлерін (байге, көкпар, аударыспақ, тенге ілу, жамбы ату), қазақша күрес, күсбегілік, садақ ату, тоғызқұмалақ, асық ату, арқан тарту тәрізді спорт бағыттарын қолдайды. Биылдан бастап олар денешынықтыру сабақтарында міндетті компонент ретінде енгізілмек.

Мадияр ТӨЛЕУ

## Мектеп құрылысын тексерді

Жамбыл облысына жұмыс сапарымен барған Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Нәзіла Раззақ Жуалы ауданы Алатау ауылындағы 100 орындық мектептің құрылысымен танысты.

Биыл сәуірде басталған құрылыс жұмысын 2022 жылдың маусымында аяқтау жоспарланған. Жаңа білім нысанында балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалмақ. Мектепте оқу кабинеттерімен қатар, маталар мен технологияларды өңдеу шеберханасы, металл және ағаш жөніндегі аралас шеберхана, спорт залы, мәжіліс залы, 30 орындық асхана, компьютерлік сыныптар, медицина кабинеті болады.

Жалпы, биыл облыста 10 жаңа мектеп оқушыларды қабылдауға дайын. Биыл 23 білім нысанының құрылысын жүргізуге қаржы қарастырылса, оның 11-і осы оқу

жылында қолданысқа беріледі деп күтіліп отыр. Бұл 1 апатты, 3 үш ауысымды, орын тапшылығы бар, 2 тозығы жеткен мектептің мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ биыл 16 білім нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Халық қалаулысы «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасында білім саласы басым бағыттардың бірі екенін атап өтіп, мемлекет қаржысына салынып жатқан нысанның сапасына ерекше мән беруді тапсырды.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаты сала басшыларының өтініштеріне құлақ түріп, білім саласындағы мәселелерді назарға алатынын жеткізді. Нәзіла Раззақ жаңа оқу жылы дәстүрлі форматта жүргізілетіндіктен, білім мекемелерінде санитарлық құралдардың толық болуы мен талаптардың қатаң сақталуы керектігін ескертті.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

## Ауыл әкімдері сайлауы-2021

# Тұрғындардың тілегімен әкім болған азамат

Осыдан бір ай бұрын өткен ауыл әкімдерінің сайлауында халықтың тікелей дауыс беруімен Шығыс Қазақстанның 77 ауылында әкімдер сайланды. Облыстық сайлау комиссиясының ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, өңірде жаңадан сайланған әкімдердің 60-ы «Nur Otan», 11-і «Ауыл», екеуі ADAL партияларынан және бір-бір адам «Ақ жол» мен Қазақстанның Халық партиясынан сайынған. Сонымен қатар өзін-өзі ұсыну арқылы екі әкім сайланды. «Nur Otan» партиясынан сайланған алпыстың бірі — Семей қаласына қарасты Алғабас ауылдық округінің әкімі Төлеген Құсайынов.

1974 жылы дүниеге келген Төлеген Теміржанұлы — осы ауылдың тумасы. Алғаш рет әкім болып сайланып отырған азамат мектепті осы ауылдан бітіріп, еңбек жолын да осында бастаған екен. «Еңбек жолымды 1993 жылы ауылдағы мектепте денешынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастадым. 1995 жылы отбасы жағдайымен Қарағандыға көшіп, сондағы №39 орта мектепте дене тәрбиесінен сабақ бердім. Екі жылдан кейін Семейдің іргесіндегі Озерка ауылдық округіне қарасты Талица ауылына қоныс алдым. Әуелі осындағы мектепте он жылдан астам уақыт денешынықтыру пәнінің мұғалімі, содан соң 8 жылдай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Осы жұмыста жүргенімде өзім туып-өскен ауылдың жастары, бірге оқыған сыныптасстарым хабарласып, Семейде кездесіп, әңгімелестік. Әңгіме үстінде «Ауылға келсең. Ауылдағы мектепті көтерейік. Директор тұрақтамай

кетті. Қиын болып тұр» деген ұсыныс айтты. Бұл 2018 жыл болатын. Өзауылдастары шақырып отырса, қалай бас тартасың?! Бәрін тастап, туған жерге тарттым. Бір жыл салт жұмыс істеп, 2019 жылы отбасымызды көшіріп өкелдім. Осы ауылдың әкімі болып сайланғанға дейін мектеп директоры қызметін атқардым. Негізі, әкім болу мүлде ойымда жоқ еді. Ауылдың жастары, тұрғындары «сіз әкім болыңызшы» деп өтініш жасағаннан кейін тәуекелге бел буып, сайлауға түстім», — дейді ол.

Өзімен бірге екі үміткер бағын сынапты. Ауыл тұрғындары бұрынғы әкім қызметін атқармаса да, Төлеген Құсайыновқа үлкен үміт артып, сенім білдіріпті. Осылайша, ол халықтың 94,5 пайыздауысымен 800-ден астам тұрғыны бар Алғабас ауылының әкімі болып сайланды. Сайлауалды бағдарламасына ауылдағы көп жыл бойы шешімін таппай қордаланған мәселелерді енгізеді. «Жасыратыны жоқ, ауылда халықты толғандыратын мәселе аз



емес. Соның бірі — жарық. Ауылда қатты жел соғып, найзағай жарқылдаса жарық сөніп қалады. Содан кейінгі үлкен мәселе — ауызу. Алғабаста әлі күнге дейін бұл мәселе шешімін таппаған. Елді мекендегі дәрігерлік амбулатория да өбден ескірген. Суық. Күрделі жөндеуді қажет етеді. Жаңадан салса да артық етпейді деп ойлаймын. Мал дәрігерлік пунктін жағдайы да мәз емес. Ескі, суық. Тозып тұр өбден. Сосын ауылға балалар ойнайтын алаңдар қажет. Екі алаң салсақ жақсы-ақ болар еді. Ауылдың екі жақ шетіндегі қоныс төгетін алаңның да күйісі кетіп

қалған. Халық қонысты бейберекет төге берген. Ауыл көшелерінде жарық та жоқ. Шамдар орнатылмаған. Ауылдағы шаруа қожалықтарының да шешілмей жатқан мәселелері бар. Егер шаруа қожалықтары ауылға көмектессе, жақсы инвестиция ғой. Бағдарламамда осындай еңбекті, ең өткір деген мәселелерді көтердім. Алдағы төрт жыл көлемінде шама-шарқым жеткенше осы мәселелерді шешуге бар қажыр-қайратымды жұмсайтын боламын. «Ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, қазір жұмысқа қызу кірісіп жатырмын. Ең әуелі ауылдағы шаруа қожалықтарының барлығын

аралап шықтым. Ауыл халқымен кездесіп, мекемелердің жұмысымен таныстым. Дәл қазір өрт сөндіру көлігінің мәселесімен айналысып жатырмын. Өрт сөндіру көлігі деген аты ғана, дұрыс жүрмейді. Жүргенінен тұрғаны көп. 36 жыл болыпты пайдаланылып жүргеніне. Осыны бір жағына шығару керек. Ауылмыз кішкентай, өз бюджетіміз жоқ. Сондықтан Семей әкімдігіне өтінім берсем бе деп отырмын. Алғабасқа жақын Берікқара деген жерден кен орны ашылып жатыр. Құрылыс жұмыстары басталып, ауыл жастары сол жаққа жұмысқа орналасуда. Бұл да ауылға өз кө-

мегін тигізеді деп ойлаймын», — дейді Алғабастың жаңа әкімі.

Сайланғанына бір ай да толмаған ауыл әкімінің жоспары көп. Ауылда қараусыз қалған екі қабатты интернат бар екен. Қазір осы ғимаратты қайта жаңғыртып, бір қабатында әртүрлі спорттық, өнер үйірмелерін, тағы бір қабатында балабақша ашу үшін жүргізіп жүргенін жеткізді. «Алғабас ауылының халқы ұйымшыл. Сол ұйымшылдығы ғой, мені сонау жерден шақыртып алғаны. Ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Отыз алты шаруа қожалығы бар. Алғабастағы негізгі жұмыс көзі — мектеп, дәрігерлік амбулатория, ветеринарлық пункт. Мектепте 200-ден астам оқушы бар. 2018 жылы осында директор болып келгенде мектептің үшінші қабаты жабық тұрды. Кірпішпен жауып тастапты. Былтыр қайта ашып, үшінші қабатты іске қостық. Мұғалімдерге дұрыс кабинет бердік. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайттық. Үш жылдағы осындай жұмыстарымызды көрген ауыл тұрғындары «Мектепті көтердің, енді ауылды көтер» деп әкім қызметін сеніп тапсырып отыр. Ауылдың ақсақалдары ақ батасын берді. Халықтан үлкен емпізіз. Енді тек жұмыс істеу керек», — дейді ауыл әкімі.

А.ӘБІЛ,

Шығыс Қазақстан облысы



**Ақерке АБЫЛАЙХАН,**  
Еуразия инновациялық университетінің басшысы:

## Аймақтардағы университеттер өңірдегі ғылыми орталыққа айналуы тиіс

— Ақерке Абылайханқызы, жаңа оқу жылы басталғалы отыр. Студенттер оқу ғимаратына кіру үшін вакцина салдыру керек деген міндеттеу қажет деп ойлайсыз ба?

— Әлемді дендеген індеттен құтылу үшін бірден-бір жолы егілу екенін ғалымдар зерттеп, әлем мойындап, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынып отыр. Сондықтан ғылымның жетістіктерін мойындайтын, білім құған өскелең ұрпақ бұл шешімді қолдауға тиіс, қолдайды да деп ойлаймын. Университет мыңдаған студенттің тоғысқан ортасы болғандықтан, ұжымдық иммунитет қалыптастыру қажет. Бүгінде Павлодар қаласындағы Еуразиялық инновациялық университетінің (бұдан әрі — ИнЕУ) студенттерінің басым көпшілігі екпе алды. Білім және ғылым министрлігі тарапынан еліміз бойынша ұйымдастырылған ынталандыру акциясы да бұл істі белсенді жүргізуге ықпал етті деп айтар едім. Мысалы, ИнЕУ тарапынан ақылы түрде оқытын студенттерге екпе алған жағдайда оқу ақысына пайыздық жеңілдіктер берілді. Әлі де университетке бірінші курс студенттерін оқуға қабылдау жалғасуда. Ашуу қосымшасындағы мәліметке сай студенттер ғимаратқа кіре алады.

— Пандемия ЖОО-ларды онлайн режимге ауысуға мәжбүр етті. Онлайн режим білім сапасына кері әсер етті деген пікір жиі айтылады. Жоғары білім жүйесі бұл «мәжбүрлі жаңашылдыққа» дайын болмады ма?

— Пандемия басталған уақытта Өскемен қаласының білім бөлімінде қызмет еттім. Қала мектептерімен тікелей жұмыс істедім. Орта білім саласында нағыз дүрліккен кез болғаны анық еді. Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов онлайн режимде облыс, қала, аудандық деңгейдегі білім бөлім басшыларымен күн сайын жиналыс өткізетін. Қала әкімінде күндіз-түні штаб отырысы. Оның үстіне, алғашқы уақытта ауру жұқтырған азаматтарды естіген сайын психологиялық тұрғыдан әр азаматтың бойында үрей болды. Ал енді орта білім саласымен

салыстырғанда жоғары оқу орындарының онлайн оқытудан хабары бар еді. Пандемияға дейін университеттердің қашықтан студенттерді оқыту бойынша тәжірибесі болды. ИнЕУ университетінде пандемияға дейін Moodle онлайн платформасы, әрбір студенттің жеке оқу кабинеті болған екен. Әрине, жалпы «мәжбүрлі жаңашылдықтың» арқасында оқытушы мен студент арасында онлайн режимде жұмыс істеуіне, ақпараттық технологияларды қолдануға тиімді дағды қалыптасқаны сөзсіз. Оффлайн форматқа көшкен күннің өзінде қай деңгейде болмасын бұл дағдыны жоғалтпауымыз керек деп ойлаймын. Цифрлы форматтағы қаншама оқу-әдістемелік материалы бар платформалар жасалды, осының барлығы қолданыстан шықпауы тиіс.

— Кезінде министрлікте халықаралық байланыс саласында істедіңіз. Қазір шетелде білім алып келген азаматтардың отандық ембек нарығында лайықты жұмыс орын таппай жүргені жайлы зерттеу аз емес. Мұның себебі неде: олардың алған білімін біздің экономикада қолдану қиын ба (overqualification), әлде сапалы мамандарға арналған ембек нарығы тар ма?

— Сапалы мамандарға әрқашанда сұраныс бар, бұл жерде бірнеше факторды атап өтер едім. Біріншіден, шетелде білім алып келген азаматтардың амбициясы жоғары. Әрине, өзге тілде білім алу оңай емес, қаншама қиындықтан өтіп, оралған шетел университетінің түлектері тиісті ембек шарттарын талап етеді. Екіншіден, шетелде ментальді тұрғыдан академиялық білім беру жүйесінде, ғылыми жұмыстарды жүргізуде еркіндік қалыптасқан. Яғни, осы жүйеден кейін шетелде оқыған азаматтар мен басшылық арасында да түсініспеушілік болуы әбден ықтимал. Осы бағытта бүгінде министрлік тарапынан «Болашақ» түлектерін қолдау, проректорлық қызметтерге тағайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде, осы тәжірибені ғылыми-зерттеу институттарында қолданыса енгізу қажет-ақ. Ғылыми диссертацияны Қазақстанда және Германияда қорғадым. Сондықтан overqualification, әрине болады деп айта аламын, бірақ қолдау болған жағдайда қазақстандық реалистік бейімделу мүмкін деп есептеймін. Пандемия ғылым

ға көңіл бөлудің қажет екенін ескертті. «Болашақ» стипендиясы шеңберінде 500 ғалым шетелге тәжірибеден өтеді, осы мүмкіндікті пайдаланып, елге әлемдік озық технологиялар мен зерттеулерді әкелуіміз керек. Әлемдік ғылым кеңістігінде зерттеу жұмыстары мен әдістемелері жеткілікті.

— Студенттердің білім сапасы төмендігінің бірден-бір себебі — ЖОО-лардың жұмысын ембек нарығы, жұмыс берушілер, кәсіпкерлер емес, Білім және ғылым министрлігі бағалайды. Яғни, құжаттағы стандарттарға сай болған университеттерге грант үшін ақша бөледі. Сол үшін ректорлар жұмыс берушінің емес, министрліктің талабын орындауға мүдделі деген ой айтылады. Осы қалыптасқан жүйені өзгертудің жолдары бар ма?

— Грант бөлу мәселесі бюджеттік қаржы болғандықтан, әрине сұраныс та жоғары. Сондықтан Білім және ғылым министрінің бұйрығына сай қойылатын талаптар бар. Бұл жерде талаптардың бірі — «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының білім бағдарламалары

*Елбасы Н.Назарбаев жүргізген салиқалы саясаттың арқасында Қазақстан атты елімізді әлем таныды, әлемнің қай түкпіріне барсаң да «қазақстандық» деп мақтанышпен айта аламыз. Халықаралық білім саласында қызмет істедім, әлі есімде, жасыңдарда «мен бұл ел өкілінің қасында бірге отырмаймын, бірге мәселе талқыламаймын» деп орнынан тұрып кететін, бір-бірімен қырғиқабақ мемлекеттердің өкілдерін де кездестірдім.*

бойынша жүргізетін рейтинг нәтижелері. «Атамекен» өз кезегінде жұмыс берушілермен бірлесе отырып, университет түлектерінің жұмысқа орналасуы, олардың кәсіби құзыреттіліктеріне баға береді. Ең бастысы — білім беру бағдарламаларының сапасы. Бүгінде университеттерге академиялық еркіндік берілген. Яғни, мәселе заңнамалық тұрғыдан реттелген. Мысалы, ИнЕУ бұл жұмысты бастап кетті, нақты айтар болсам, әрбір оқыту бағдарламасына жеткіші тағайындалды. Яғни, кафедра меңгерушісі барлық бағдарламаға жауапты деген қағидадан бас тартып отырмыз. ИнЕУ дамуы барысында инженерлік-экономикалық бағытта профильді таңдап отыр. Павлодар — өнеркәсіптер шоғырланған өңір. Оқу процесінде де тәжірибелі өнеркәсіп мамандарын тартып, дуальды білім

беруге ерекше мән беріп отырмыз. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші — 89%. Жұмыс берушілер де бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі. ERG Service ЖШС басшысы С.Петуховпен кездескенімде өз кадрларының да теориялық білімін шыңдауына қуанатынын жеткізді. Грант бөлу мәселесінде негізгі ұсынысым комиссия қорытындысы бойынша әр университеттің нәтижелері ашық жарияланса. Соны қарап, әр университет өз кемшілігін көріп, сараптама жасап, тиісті жұмыстар жүргізер еді. «Атамекеннің» рейтинг қорытындысы сайтта жарық көреді. Аймақтық университеттер сол өңірдің экономикасының дамуына үлес қосатын мамандар даярлауы тиіс.

— Абитурientтерге қандай кеңес бересіз? 5 жылдан соң ембек нарығында қандай мамандықтар, қандай кәсіби қабілеттер сұраныста болуы мүмкін?

— Өзім техникалық ғылымдар саласында оқыдым, осы бағытты қолдаушымын. Нақты ғылымдар жүйелі ойлауға бейімдейтін сөзсіз. Бүгінде IT құзыреттілік барлық

тымақтастық болуы шарт. Әсіресе, аймақтардағы университеттер сол өңірдегі ғылыми орталыққа айналуы тиіс. Бұл жерде университет ғалымдары сол саладағы немесе өндірістегі әлемдік озық технологияларды зерделеп, кәсіпкерлерге де ұсыныса, жұмыс берушілер тарапынан да қолдау болатыны сөзсіз. Университет келешекке қажетті барлық білімді толық бермесе де, студенттердің бойында мамандық бойынша заман талаптарына сай барлық білімді толық бермесе де, студенттердің бойында мамандық бойынша заман талаптарына сай біліктілікті шыңдап отыру қажет. Болашақтың мамандықтарын BTS Education компаниясының басшысы Саясат Нұрбек жасы зерттеп, қоғамға қажетті ақпаратты беріп жүр.

— Қазір Білім және ғылым министрлігі сапасы талапқа сай келмеді деген жекеменшік ЖОО-ларды жабуға кірісті. «Бұл білім сапасын арттыру мақсатында жасалып жатыр» деп хабарланды. Алайда министрлік жазалаушы функциясын иеленіп кеткен жоқ па? Себебі министрліктің бір шешімінен кейін мыңдаған студент, жүздеген ұстаз далада қалды.

— Білуімше, университеттерді тексеру арнайы жоспарға сай жүргізіледі. Жыл сайын жоспарға сай 30-ға жуық оқу орны тексеріледі. Бұқаралық ақпарат құралдарында 10-нан астам жекеменшік университеттің жабылғаны туралы хабар таралды. Бұдан шығатын қорытынды тексерудің негізгі мақсаты аталған оқу орнын жабу емес екенін көрсетеді. Бүгінде университетті заңсыз жапты деген нақты фактілермен уәж айтқан университет өкілін кездестірген емеспін. Солтүстік және шығыс өңірлерде көрші елдердің оқу орындары да қазақстандық студенттерге гранттар бөліп, өз саясатын қарқынды жүргізуде. Сондықтан сапалы білім беріп отырған жекеменшік оқу орындарын қолдап, бәсекелестікті арттыру қажет. Елдің онтүстік өңірлерінде демографиялық өсім жоқсы байқалады, сондықтан «Серпін» бағдарламасымен оқытын студенттерді осы өңірлерге тарту жұмыстарын белсенді түрде жалғастыру қажет деп ойлаймын.

— Биыл еліміздің Тәуелсіздігіне — 30 жыл. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі деп нені айтар едіңіз?

— Тәуелсіздік жетістіктерін тек елдегі ішкі факторлармен Өлеу қысқа ойлағандық болар. Алпауыт көршілес елдеріміз де бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Елбасы Н.Назарбаев жүргізген салиқалы саясаттың арқасында Қазақстан атты елімізді әлем таныды, әлемнің қай түкпіріне барсаң да «қазақстандық» деп мақтанышпен айта аламыз. Халықаралық білім саласында қызмет істедім, әлі есімде, жиындарда «мен бұл ел өкілінің қасында бірге отырмаймын, бірге мәселе талқыламаймын» деп орнынан тұрып кететін, бір-бірімен қырғиқабақ мемлекеттердің өкілдерін де кездестірдім. Ал Қазақстан атты елімізбен ынтымақтастық орнатуға әр елдің өкілі мүдделі. Ауғанстан 1000 студент оқыту жобасы шеңберінде 4 рет Кабул қаласында болдым. Сапар шеккенде қазақстандық дипломаттардың кәсіби шеберліктеріне сеніп баратынымын және оны өз тәжірибемде көрдім де. БҰҰ Ауғанстандағы өкілдігінің елімізге көшірілуі де Президентіміз К.Тоқаев жүргізіп отырған сара саясаттың жемісі деп білемін. Әрине, сұхбатымыз жоғары білім саласында болғандықтан, осы бағыттағы жобаларды айтып өткен орынды болар. Мен үшін басты мақсат — ол Елбасымыздың тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тағайындаған «Болашақ» халықаралық стипендиясы. Өлеуімде белелі оқу орындарында тұңғыш рет қазақ жастары білім алуға мүмкіндік алды. Бүгінде Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі Болон процесіне 2010 жылы еліміз толыққанды мүше болып енді. Әлем университеттерімен ынтымақтастық орнатып, ғалымдарымен тәжірибе алмасып, ортақ жобалар жүргізуге толық мүмкіндік бар. Жалпы, кез келген елдің білім жүйесін толық көшіру мақсат емес, әр елдің білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жерде айтпағым, білім саласында ғасырлық тарихы қалыптасқан білім ошақтарының тәжірибесін саралап, тиімді тұстарын ала аламыз. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі — білімді, еркін жас ұрпақ қалыптасты. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

— Сұхбатыңызға рақмет!  
Әңгімелескен  
Әлихан ИСМАН

## ЖАСТАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБАДЫ



Қарағанды облысының әр бесінші тұрғыны — 30 жасқа дейінгі санатта. Ал 14-28 жас аралығындағы жастардың саны — 261 153. Оның ішінде 196 194-і қала, 64 959-ы ауыл жастары екен. Президент тапсырмасына сәйкес, облыста жоғары оқу орындарын оңтайландыру бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

### 155 000 АДАМ ҚАМТЫЛДЫ

Облыста жастар саясаты дамуында кезеңінде. 2019 жыл Жастар жылы, ал 2020 жылы жастар саясатын дамытуға жана серпін берген Еріктілер жылы болып жарияланды. Облыста волонтерлердің өңірлік фронт-офисі,

Qoldau волонтерлік орталығы ашылып, 155 000 адамды қамтитын 1112 іс-шара өтті. Қоғам игілігі үшін 3 мыңнан астам волонтер еңбек етті. Сонымен қатар басқарма басшысы волонтерлік қызметтің негізгі бағыты — қоршаған ортаны қорғау, экологиялық жағдай-

ды жақсартуға көмек көрсету екенін айтты. Келер жылы да аталған жұмыстар жалғасуды.

### ЖҰМЫССЫЗДЫҚКА ЖОЛ ЖОҚ

Аймақта жұмыссыздық мәселесі де жоқ емес. Осыдан қала берді,

НЕЕТ санатындағы жастар да баршылық. Осы мәселенің алдын алу үшін біршама жұмыс қолға алынды. Жұмыссыздықпен күресу мақсатында нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы іске қосылған. Нәтижесінде, аталмыш бағдарламаға 9 мыңнан астам, жастар практикасына 653 адам жіберілді. Атап өтсек, «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы аясында жұмысқа келген жас маманға көтерме жәрдемақы төленіп, тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несиелер беріледі. Биыл әлеуметтік сала мен агро-өнеркәсіптік кешенін бітірген 233 маманға 1 млн 22,5 мың теңге бөлінген. 402 маманға 117,2 млн теңге көтерме жәрдемақы қарастырылған. Тамыз айынан 167 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 708,5 млн теңге көлемінде бюджеттік несиелер берілді. 220 маманға 64,8 млн теңге көлемінде көтерме жәрдемақы қарастырылған.

Бүгінде көтерме жәрдемақы мен бюджеттік несиелер алған жас маманның саны артып келеді. 2020 жылдың еңбек маусымында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 1 413 жас жұмыспен қамтылса, биыл 1 800 жасты жұмысқа орналастыру жоспары бекіген. Одан бөлек, жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту үшін 100 млн теңге көлемінде облыс әкімінің 100 гранты бөлінді. Бүгінде грант алу-

шылардың 80%-ы жұмысын бастап кеткен. Оларға арнайы құрылған комиссия мүшелері тұрақты мониторинг жүргізіп отыр. Сонымен қатар жас мамандарды баспанамен қамту мәселесі бір ізге қойылған.

### 618 ПӘТЕР БӨЛІНЕДІ

Саран қаласы мен Ақтас ауылында бюджет қызметкерлеріне 57 пәтер берілді. Оның 22-сі — жас мамандарға. Сондай-ақ 662 мың шаршы метрлік тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға артық. Алдағы уақытта 7 мыңға жуық жана пәтер салынақ. Оның ішінде 1,5 мың пәтері бюджет есебінен қаржыландырылады.

Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бірнеше жылдан бері облыста осы санаттағы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің кешенді жоспары жүзеге асырылып келеді. Биыл 226 пәтерді беру жоспарланып отыр. 2020-2022 жылдар аралығында облыс өңірлерінде барлығы 618 пәтер бөлінеді.

Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің тағы бір шарасы — Елбасының үшінші әлеуметтік бастамасы аясындағы жатақханалар құрылысы. Жана оқу жылының басына дейін жана ғимараттардың құрылысы мен қолданыстағы ғимараттардың қайта жанартылуына байланысты жоғары оқу орындары

мен колледждердің 882 студенті жатақханадан орынмен қамтамасыз етіледі. Биыл 6 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

### ОРТАЛЫҚТАРДА ҚЫЗМЕТ ОЙДАҒЫАЙ

Облыста 18 өңірлік Жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Ағымдағы жылы ЖРО-ын қаржыландыру үшін 284 млн теңге бөлінген. Оларға облыс бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін белгілі бір жағдайлар жасалған. Орталықтың Қарағанды, Балқаш, Приозерск қалаларында, Бұқар жырау, Жанаарқа, Қарқаралы аудандарында жұмысы қарқынды. 2020 жылы қала мен аудандардың орталықтарымен 624 мыңнан астам жас қамтылған 3 096 мыңнан астам іс-шара өткізді. Биыл 310 мың адамды қамтитын 2 мыңнан астам іс-шара онлайн форматта өтті.

Жастар ресурстық орталықтары індет өршіп тұрған кезде үлкен жұмыс атқарғаны белгілі. Төтенше жағдай жарияланғанда ЖРО қызметкерлері халықтың әртүрлі санатына атаулы көмек көрсету, соның ішінде азық-түлік себеттерін, жеке қорғаныс құралдарын тарту бойынша жұмыстарды ұйымдастырды. Бүгінде бұл жұмыстар облыстың волонтерлік ұйымдарымен бірлесіп жалғасып жатыр.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

# «Құн төлеу» жүйесін қалпына келтіру керек пе?

Қазақстанда «дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру» енгізілетін болды. Мұны Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой растады. Алайда сарапшылар медицина қызметкерлері үшін мұның біраз қаупі барын айтады. ДСМ болса, бұл қадамға ел игілігі үшін барғалы отырғанын алға тартады. Бірақ қоғамдық талқылауға қатысқан мамандар да, жұртшылық өкілдері де Цойдың осы бастамасына үдере қарсы шықты. Неге?

Айхан ШӘРІП

## ҚАЛЖЫРАҒАН ДӘРІГЕРДІ «ҚАРА ТІЗІМ» ҚҰРТАДЫ

Ел Президенті Үкіметке барлық медицина қызметкерінің мәртебесін арттыруды, олардың құқығы мен мүддесін қорғауды, еңбек жағдайын жақсартуды жүктеді. Мұны ел құптады, жылы қабылдады. Осы тапсырманы орындау мақсатында Денсаулық сақтау министрілігі «Кейбір заннамалық актілерге денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп, қоғамдық талқылауға шығарды. Ол жоба елдің қарсылығын туғызды.

Біріншіден, жаңа заң жобасы арқылы қолданыстағы Денсаулық сақтау кодексіне маңызды бір өзгеріс енгізіледі: денсаулық сақтау субъектілері — аурухана-емханалар өзінің медкызметкерлерінің медициналық қызметті жүзеге асыру кезіндегі кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға міндеттелмек. Төл қызметін сақтандырмаған, сақтандыру полисі жоқ қызметкерлер жұмысқа алынбайды, қызметінен қуылады.

Салдарынан пандемия заманында онсыз да жан-жақтан қысым көріп жатқан ақ халаттылар енді сақтандырушыларға тәуелді болып қалуы мүмкін. Себебі сарапшы-дәрігер Сергей Бочкаревтің айтуынша, диагностика қою, емдеу, ота жасау, ем-шараны жүзеге асыру кезінде жаза басып, науқасқа қасақана емес, абайсызда зиян келтірген дәрігерлерді сақтандыру компаниялары «қара тізімге» енгізіп, оны бұдан былай сақтандырудан жаппай бас тартуы ықтимал. Мұндай жағдайда тіпті ең білікті деген маман үшін де көсіптің «есігі» жабылмек.

Екіншіден, сарапшылардың пайымдауынша, бұл жемқорлықтың өрістеуіне түрткі болмақ: амалсыз, «қара тізімнен»

шығудың «айналмалы жолын» іздеген дәрігердің тілегін параға орындайтын шенеунік табылуы, осыны бизнеске айналдыратын делдалдар қаптауы ықтимал.

Үшіншіден, салада бірінші басшылар мен медицина қызметкерлерін ротациялау институтын жаппай енгізу көзделген. 2020 жылдың қарашасында билік жұмысында коронавирус жұқтырған медицина қызметкерлеріне өтемақы төлеуден бас тартты. Ал бұл қазаннан бастап Үкімет КВИ жұқтырған сырқаттарды емдейтін, солармен қоян-қолтық араласатын медицина қызметкерлеріне үстемеақы төлеуді де тоқтатпақ. Бұл жағдайда әбден қалжыраған медкызметкерлер басын бөйгеге тігуден бас тартып, ковид-ауруханалардан және жедел жәрдем қызметінен кете бастауы мүмкін. Ал ротация тетігі ақ халаттыларды «лас» аймақта жұмыс істеуге мәжбүр етпек: «не жіберген жерге барасын, не лауазымыңнан кетесің» деген кесір тандау қойылады.

## МӘЖБҮРЛІ РОТАЦИЯ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Осы бастама дәрігерлердің ковид-стационарлардан жаппай кетуіне тосқауыл қоюға бағытталғанын шенеуніктер жасырмайды: «Бұл норма мемлекеттік медициналық ұйымдардың қолданыстағы кадр тапшылығын төмендету, сондай-ақ COVID-19 індетімен күрес бойынша эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу аясында медұйымдардың кәсіби әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану қажеттілігін туындап отыр», — деген түсініктеме берді Денсаулық сақтау министрілігі.

ДСМ-ның бұл ұсынысын Парламент құптаса, онда облыстар мен мегаполистердің өкілдіктерінің қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдарының, медколледждердің бірінші басшылары және медицина қызметкерлері арасында лауазымдық

ауысулар жүргізіледі. Дәрігердің қандай аурухана не емханаға баратынын жергілікті әкімдіктің денсаулық сақтау басқармасы шешпек. Ал олар басшылыққа алатын «Ротация жүргізу қағидалары» Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеп, бекітеді.

Біраз жыл ДСМ-нің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» директорының орынбасары болған, психиатр-нарколог, патологоанатом-дәрігер, сот сараптамасы саласында қызмет еткен маман Руслан Сатывалдеев мұндай қаламнан абай болған жөн екенін айтады.

«Медицина қызметкерлері ротациясының біраз қауіп-қатері бар. Мысалы, лауазымдық ауысу салдарынан тұрғын үй, материалдық және басқа да жағдайы нашарлаған медицина қызметкерлері кәсібін тастап, мамандықтан кетуге мәжбүр болады. Сондықтан ротациялауға жататын қызметкерлерді ынталандыру тетіктерін, әлеуметтік қолдау шараларын енгізетін норманы қоса қарастырмаса, бұл іс бекер болмақ. Жергілікті атқарушы органдарды осы бағытта тиісті шаралар қабылдауға міндеттеген жөн», — дейді ол.

## СЫРҚАТТЫҢ ӨМІРІ І МЫҢ АЕК-КЕ БАҒАЛАНДЫ

Жаңа заң жобасының ұсыныстары қоғам өкілдерінен де қолдау таппады. Қоғам белсендісі Лаура Сәрсенбаева кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды дәрігерлер, қарапайым мейіркөбі-санитарлар есебінен сақтандыру компанияларының қалтасын толтыру талабы деп бағалады.

«Министрлік мұның озық шетелдік тәжірибе екенін алға тартады. Алдымен біздің ақ халаттылардың еңбекке қысымы сол озық дамыған елдердегі деңгейге көтеріп алынсын. Сақтандыру дегеніміз — аумақты сақтандыру компанияларының өміянын толтыру. ДСМ-ның бастамасы арқасында олар одан ары баймақ. Ал медицина қызметкерлері төмен жалақы алуын жалғастырады, сырқаттар басқа сапасыз медицинадан зарап шеге береді. Қымтыс жасап, адам өлтірген дәрігерде қылмыскер, оны қатаң жазалау керек. Оның жауапкершілігі мен жазасын жеңілдетуге, құн



төлеуді енгізуге мен қарсымын!» — дейді ол.

Бұл жерде Цой ведомствосының «пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін төлем мөлшерін есептеу тетігін қолдану» ұсынысы әңгіме болып отыр. Оған сәйкес, 1 сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі, яғни сақтандыру сомасы келесіні құрамақ: пациенттің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян өлімге әкелсе — 1 000 АЕК (2021 жылы 2917 000 теңге). Мүгедектікке соқтырса: I топ үшін — 800 АЕК (2 333 600 теңге); II топ үшін — 600 АЕК (1 750 200 теңге); III топ үшін — 500 АЕК (1 458 500 теңге); мүгедек бала үшін — 500 АЕК.

Пікір білдірген қазақстандықтар «құн төлеу» жүйесі енгізілсе, дәрігерлердің жауапкершілігі төмендейді деп алаңдайды. «Өз ісіне адал емес дәрігерлер бұдан сон пациенттерді емдеуге тіптен салғырт қарауы, өз ісіне ұқыпсыздық танытуы мүмкін. Дәрігер сырқаттың денсаулығына келтірген зияны үшін заң жүзінде қатаң жаза тартуы керек. Адам өлтірсе, сотталсын. Жаңа тетіктер жауапсыз дәрігерлердің шілерсіз кетуіне жол ашпай ма? Жаңа туған

сәбиді тоназытқышқа салып, қатырып өлтірген дәрігерлерді еске түсірінінші, егер олар үшін перзентхана құн төлеп, құтқарса, маскара емес пе! Мұндай өзгерістерге үзілді-кесілді қарсымын!» — дейді Светлана Котлярова.

Дегенмен ДСМ науқасқа андауыс зиян келтірген медкызметкерлер де жазадан құтылмайтынына сендіріп отыр.

Мұның сыртында дәрігерлерді түрмеге отырғызуды қарастыратын Қылмыстық кодекстің 317-бабы шамалы жұмсарғанымен, ары қарай сақталды. Жоғарғы Соттың сот актілерінің банкі статистикасына сәйкес, Қылмыстық кодекстің 317-бабы бойынша 2017-2020 жылдар аралығында соттарға медкызметкерлерге қатысты 50 қылмыстық іс түскен. Соның 43-і бойынша 70 адамға қатысты үкім шығарылды. 14 адамға қатысты 7 іс прокурорға қайтарылды. Нәтижесінде, 2 медкызметкердің бас бостандығы шектелген. 17 адам шартты жаза алды. 11-і сотталды, бірақ рақымшылыққа ілігіп, жазадан босады. Сотталған тағы 22 адам ескіру мерзімінің аяқталуына байланысты жазадан құтылды. Сот залында 13 адам ақталды. 5 «ақ халатты» «темір торда» отыр.

# Электр энергиясы қымбаттады



Қазақстанда 1 қыркүйектен бастап электр энергиясы тарифтерінің құны қымбаттайтын болды. Естеріңізде болса, электр бағасы бұған дейін өңірлерде 1 сәуірде, одан кейін 1 шілдеде екі кезеңмен орташа алғанда 3,5%-ға өсірілген еді.

Дәулет АСАУ

## ТАРИФТЕРГЕ НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

Энергия өндіруші компаниялардың тарифтері әр өңірдің жағдайына қарай әрқалы болады, дегенмен жалпы орташа республикалық көрсеткіш бойынша 15%-ға артады. Ал түпкілікті тұтынушыға, яғни сіз бен бізге ол 7,2% көлемінде өсіріп жетеді. Вице-министр Қайрат Рахымовтың айтуынша, жоғарыдағы жайттарға байланысты 2020 жылы қыркүйек айында ел аумағындағы энергия өндіруші 45 ұйымның 37-сі Энергетика министрлігіне тарифті көтеру жөнінде өтініш жазған. Министрлік бұл өтініштің қаншалықты негізді екенін жарты жылдан астам уақыт тексеріп, талдау жүргізді.

«Электр энергиясын өндірушілер тарифті 36%-ға өсіруді сұрады. Біз өтініштің орынды-орынды емес екенін жарты жыл бойы сараптаудан өткіздік. Министрлік әр жағдайды жекеше алып қарады. Оның ішінде шешімі уақыт күттірмейтін өзекті мәселелерге баса назар аударылды. Сөйтіп, министрдің тиісінше бұйрығы 2021 жылы 5 наурызда ҰЕҰ-дың (үкіметтік емес ұйымдар) ашық сайтында жарияланды», — деді Қайрат Рахымов.

Айта кетейік, тарифті қымбаттату мәселесі «Атамекен» ұлттық көсіпкерлер палатасымен және министрлікте аккредитацияланған сарапшылардың қатысуымен талқыланды. Мұндай талқылау ҰЕҰ ашық порталының электронды алаңында да өткізіліпті. Талқылау барысында электр энергиясының шекті тарифі екі еседен астам төмендетілген. Нәтижесінде, республика бойынша баға орташа алғанда 15%-ға қымбаттайтын болды.

## БАҚЫЛАУШЫЛАР БАҒАҒА НАРАЗЫ

Дегенмен қоғамдық бақылаушылар электр энергиясының бағасын өсіруге еш негіз жоқ деп санайды. Тіпті, Нұр-Сұлтан қаласындағы қазіргі тарифтің өзін төмендету керек деп отыр.

«Астанада электр энергиясын тартумен «Астана-РЭК» АҚ айналысады, ол 100% қалалық әкімдікке қарайды. Монополияға қарсы орган тұрғындар үшін тарифті Квт/сағатына 3,25 теңге деп бекіткен. Сондай-ақ қаланың 30% бөлігін электр энергиясымен жекеменшік «Акмолинский РЭК» АҚ («АРЭК» АҚ) жабықтайды, оның тарифі Квт/сағатын 4,85 теңгені құрайды. Ал жекеменшік компания шығындарының бәрін өсіріп келгенде оның қызметінің құны түпкілікті тұтынушы үшін квт/сағаты 11,93 теңгеден айналады», — дейді тұтынушылар құқық қорғау жөніндегі қоғамдық бақылаушы Марат Бөлекбаев.

Оның айтуынша, қалалық энергия торабының қуаты елорда тұтынушыларының «АРЭК» АҚ желісін пайдаланбай-ақ толықтай қамтамасыз етуге жетеді. Ол жөнінде 2016 және 2020 жылдарда жасалған энерготехникалық сараптаманың қорытындысы да, астаналық прокуратураның жарлығы да бар. Егер қалалық энергия торабының қуаты толықтай пайдаланылатын болса, ол астаналықтарға тек электр жарығы үшін жылына 5,8 миллиард теңгені үнемдеуге мүмкіндік беретін көрінеді.

Сондай-ақ қоғамдық бақылаушылары «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2016-2020 жылдар аралығында, бақандай төрт жыл бойы тұтынушылардың 7,9 миллиард теңге қаржысын тікелей мақсатта жұмсамағаны әшкере болды.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС мен «АРЭК» АҚ — кредиттік желі бойынша банк сыйақысын тариф сметасына қосып жіберген үлестес компаниялар. Егер кредиттік желі бойынша банк сыйақысы тұрғындардың қалтасынан төленетін болса, онда абоненттердің электр энергиясы үшін төлеген ақшасы қайда кетті?!» — дейді қоғамдық бақылаушылар.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС жыл сайын «Астанаэлектротранзит» АҚ мен «Астана-Энергия» ЖШС-на жалпы сомасы 7,9 миллиард теңгедей қарызға шығады. Ал оның төлемін тұтынушының иығына артып қойған. Сөйте тұра, тұтынушы ол жайында мүлдем бейхабар.

Қоғамдық бақылаушылар жалғыз электр энергиясының ғана емес, 2016-2020 жылдар аралығындағы жалпы барлық тарифтердің қымбаттаушылығы бойынша кешенді қаржылық тексеру жүргізу керек деп санайды. Сондай-ақ Энергетика министрлігінің және Ұлттық экономика министрлігінің тарифтерді негізсіз бекіткен лауазымды тұлғаларының үстінен процесуалдық шешім шығару қажет деп біледі.

Марат Бөлекбаевтың айтуынша, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Акмолинская РЭК» АҚ, «Астана-ЕРЦ» ЖШС, «Астана-Энергия» АҚ, «Астанаэлектротранзит» АҚ арасында жалпы сомасы 29,2 миллиард теңгеге астыртын өзара монополистік сөз байласу болған.

## ДЕЛДАЛДАР ҮСТЕМЕ ҚОСАДЫ

Энергетика министрлігінің сайтында электр тарифінің қымбаттауына жаңартылатын энергия көздерінің, тасымалдау және отын бағасының өсуі себеп болғаны айтылады. Жылдағы айтылатын әңгіме — осы. 2019 жылғы, 2020 жылғы және 2021 жылғы қымбатшылық да осы себепке байланысты түсіндірілген. Сөйте тұра, электр энергиясын өндірумен байланысты шығындардың қайсы тарифке енгізілгені көрсетілмеген.

2018 жылғы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев энергетика саласын жұмысын сынға алып, тарифтердің қымбаттауын қылмысқа теңеген болатын. Ол кейінгі жеті жылда монополистердің өндірісті жетілдіреміз дегенді желеу етіп, миллиардтаған теңге табыс тапқанын, сөйте тұра энергетикалық компаниялар өздері көрсететін жұмыс құнына қызметкерлерінің сыйақыларын, бонустарын, банктердің несиелік сыйақыларын қоса көрсететінін айтқан. Сол кездегі Энергетика министрі Қанат Бозымбаев енді 2025 жылға дейін электр энергиясының тарифтері өспейді деп уәде берген еді. Бірақ тариф жылда қымбаттап жатыр. Уәде уәде күйінде орындалмай қалды. Сонда салалық министрлер ауысқанда бірінші сөзін бірі ескере бермесе керек. Бүгінгі қымбатшылық соны көрсетті.

Сондай-ақ электр өнімін өндірушілер мен түпкілікті тұтынушы арасындағы көп санды делдалдарды алып тастау керек деген әңгіме де сол күйінде қалды. Бұл талап та елі күнге орындалған жоқ. Ал олардың әрқайсысы ауадан ақша сауып, өз пайдасын жібермеуге тырысатыны түсінікті. Сондықтан станса мен тұтынушы арасында жабыққаушы делдал қаншалықты көп болса, баға соншалықты өсе түседі. Яғни, электр энергиясын өндіруші компаниялардың асыра белгілеген бағасына аралық делдалдар өз үстемелерін қосып, тарифті одан бетер көтеріп жібереді. Мұның бәрі айналып келгенде халықтың сорын қайнатып отыр.

Биыл елімізде 10 мыңға жуық түлекке «Алтын белгі» берілген. Расын айту керек, кейінгі жылдары бұл марапаттың құны төмендеп кетті. Бұрын әр мектептен бір оқушы алса үлкен жетістік-ті. Қазір бірден қырық үлестіретін білім ошағы бар. Мұны министр де көріп, біліп отыр. Сондықтан келесі жылдан бастап «Алтын белгі» алу талабы өзгереді. Ал бұл жемқорлықтың жолын жаба ма?

# «Алтын белгінің» қадірі қалды ма?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

## МАРАПАТ АЛУ БИЗНЕСКЕ АЙНАЛДЫ МА?

Қазір әр марапаттың өзіндік құны бар. Сіз «құн» сөзін қалай түсіндініз? Иә, моральды тұрғыдағы сипаты емес, материалдық бағасы белгілі. Естеріңізде болса, осыдан біраз жыл бұрын «Қазақстанның Құрметті азаматы» атағы 1,5 миллион теңгеге сатылатыны туралы ақпарат желіде қызу талқыланған-ды. Одан қалса, Баян Максатқызы өзінен «Еңбек сіңірген қайраткер» атағын алуы үшін 10 мың доллар сұрағанын, «қазір бұл марапаттың құны 5 мың долларға түскенін» ашық айтты. Мемлекеттік марапатты былай қойғанда аудандық, облыстық, республикалық алғысхат, төсбелгі, тағы басқаларының құны «белгіленгенін» жақсы білеміз. Оған мұғалімдердің интернет арқылы алатын марапаттын қосыңыз. Міне, кезінде талай оқушыға мотивация, арман болған «Алтын белгі» қолы жеткендер барын беріп алатын атаққа айналып шыға келді.

Бұл қалай десеніз, түсіндірейік. Биыл 10 мыңға жуық оқушы «Алтын белгі» алған. Соның ішінде елордада 403 түлекке аталған төсбелгі табысталған. Есептеп көрейік, елімізде 7 475 орта білім беретін білім мекемесі бар. Мұны марапат санына бөлсек, әр мектепке 1,3-тен келеді. Жағдайдың жалпы сипатын көрсету үшін бөліп көрейік. Жалпы, «Алтын белгіні» бестестен, тіпті қырықтан тарататын мектептер бар. Мәселен, Мақтаарал ауданында орналасқан Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназия мектеп бітірген 70 түлектің 40-ына «Алтын белгі» табыстаған. 8-і үздік аттестат иегері атаныпты. Мүмкін, осындағы мықты шәкіртті тәрбиелеген мектептің оқыту үлгісін басқа мекемелер қолданып көрер?

## «АЛТЫН БЕЛГІ» КЕРЕК, БІРАК...

Оқушы өміріндегі тандаулы марапатты алу «технологиясының» өзгергенін ұстаздар да растап отыр. Осыдан біраз жыл бұрынғы ҰБТ нәтижесі оқушының 1-сыныптан бастап оқу үлгерімі көрсеткіші, қала берді оны «Алтын белгіге» ұсынған жиналыс хаттамасыда ескерілетін. Олардың айтуынша, 11 жыл бойы сынып журналдарын, табельдерді тексеруге 2 аптаға жуық уақыт кететін. Осы баспалдақтан кейін қолына тиісті жүлдесін алған оқушының төбесі көкке елі жетпейді заңдылық болар.

«ҰБТ нәтижесі ескерілмегенін жағдай өзгеріп сала берді. Бұрын мектебімізде «Алтын белгі» ілуде бір берілгенін. Тіпті, 10 жыл қатарынан төсбелгі берілмеген кез болды. Қалай талап өзгерді, солай үміткерлер қатары көбейіп кетті. Өйткені «Алтын белгіге» үміткер атанудың өзі жауапкер-

шілік пен өзіне деген сенімді талап ететін. Мектепшілік, аудандық, облыстық тестілеу нәтижесі келгенде бірінші үміткердің тесті сына алынып, жиналыста талқыға түсетін. Содан да болар, абыройы жоғары марапат-ты. Ал қазір бір мектептен 5-7-ден «Алтын белгі» алып жатыр. Жиналыстардың бірінде «бәріне тарата салсаңдар-шы» деп айтқаным бар-ды. Белділік бәрі төсбелгінің осылайша құны түскені ойландырады», — дейді педагог-зерттеуші Зәуре Бексұлтанқызы.

Білуімізше, бір төсбелгінің бюджетке түсетін салмағы — 10 мың теңге. Яғни, биыл 9 738 медальға шамамен 97 млн теңгеден астам қаражат кеткен. Мәселен, Дәулет Төлеуайтылу сұхбаттарының бірінде 100 миллионға жуық ақшаны марапатқа емес, басқа нәрсеге жұмсауды ұсынған. Оның айтуынша, оқушыларға аттестаттағы «Алтын белгі» деген жазу жеткілікті. Бірақ ұстаздар қауымы 11 жыл бойғы білімді дәлелдеген түлекке төсбелгі беруді қолдайды. Алайда сыны мен білім сапасы сәйкес келгенін талап ететіндер жеткілікті.

«Кейінгі 10-15 жылда БҒМ шығарған құжаттарда баланың қабілеті деген нәрсе жоқ. Есесіне, мектептің, қаланың, аудан мен облыстың рейтингі бар. Иә, рейтинг қуып кеттік. Білім мекемелерінің рейтингі үшін алған жетістіктерін қазбаласақ, талай іске куә болар едік. Мәселен, Мақтааралдағы мектеп 40 «Алтын белгі» берді. Мәнінше, 40 аса дарынды баланың бір мектепте жиналуы өте күмәнді нәрсе. Дәл қазір не істеу керек? Быыл Арман Әмірбеков мәселе көтеріп, «үміткерлердің бәрін бір аудиторияға отырғызып, білімдерін тексеріп көрейік» деп ұсыныс айтты. Құптарлық бастама. Өйткені жыл сайын төсбелгі алатындардың қатары көбейді. Бұл дарынды адамдардың көптігі экономикамыздың көтерілуіне ықпал ету керектігін білдіреді. Бірақ қоғамда мұндай алға ілгерілеу болып жатқан жоқ», — дейді белсенді ұстаз Әмір Шыныбекулы.

Екі жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселенің оң шешімі биыл Тамыз кенесінде хабарланды. Ендігіде үміткердің оқу жылы соңындағы нәтижесі ғана емес, 5-11-сынып аралығында әр тоқсанды беске аяқтауы ескерілді. Сондай-ақ «Алтын белгіге» үміткер орта білімін мектепте мемлекеттік емтиханды беске тапсырып, қорғап шығуы тиіс. Әрбір құжат жан-жақты қаралады. Бұл жүйе алдағы оқу жылында іске асса, келер жылы жемісін көретін боламыз.

«Алтын белгі» еліміздегі білім беру жүйесінде озат оқушыға берілетін төсбелгі болғанын, қоғам назарында болары белгілі. Сондықтан оның құны жоғары, берілу тәртібі әділетті, қатаң болуы алдымен министрлікке сын. Десе де, жүйеге өзгеріс талап етіп, нәтиже шығару — мектеп пен ұстаздың құзырындағы іс.

# Ауғаннан ел ауа ма?

«Талибан» қозғалысының (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) қазіргі мәлімдемелеріне қарасақ, олар билік етуге ұзақ уақытқа келгендей. Өткен аптада саясаттың негізгі бағыттарын да жариялап үлгерді. Алайда ауған халқы қолына қару ұстап, өткенше көргеніне балаша қуанатындардан жақсылық күтіп отырған жоқ. Шамасы келсе, аман қалатын жаққа қашып құтылмақшы. Яғни, босқындардың жаңа легі лап бермекші деген сөз. Егер Ауғанстан жұрты Орталық Азия елдеріне бет алса, босқындар қазақ жеріне жете ме? Жетсе, Үкімет оларды қабылдай ма?

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Бүгінде Кабул әуежайы әлі де АҚШ әскерлерінің қорғауында. Әуежай – стратегиялық нысан, барлық әуе қатынасы осы жер арқылы өтеді. «Талибан» билікке келгелі оның маңызы арта түсті. Қаба сақал қарулы кісілердің билігінен қашқан ауған халқы кез келген ұшаққа отырып, шетелге көшуге даяр. Мүмкіндік болса, АҚШ-ты бетке алмақ. Жақында әуежайды қоршаған темір сым арқылы нәрестесін АҚШ жауынгерлеріне беріп жатқан ауғандықтардың суреті әлем медиасында тез таралып кетті. Шетелге өзін кетпесем де, балам жетсін деген аналардың әрекеті екені көрініп тұрды.

Ал кеше ғана Өзбекстан шекараны заңсыз кесіп өткен 150 ауған азаматын еліне қайтарды. Алайда алдымен «Талибан» өкілдерінен олардың қауіпсіздігіне кепілдік алған. Кейін Өзбекстан тарапы ауғандықтардың үйлеріне аман жеткенін хабарлады.

**Пәкістан.** Бұл мағлұматтар Ауғанстан халқы жаппай босқындар легіне айналғалы тұрғандар көрсетіп тұрған секілді. Елдегі негізгі әуе нысаны – Кабул әуежайы қоршауда екенін ескерсек, «Талибаннан» қашқан жұрт жаяу, жеңіл көлікпен шекара асуы бек мүмкін. Пәкістан жақын болғанымен, ондағы әлеуметтік жағдай мез емес. Халық саны да көп. Пәкістан жерінде босқындарға арналған лагерь бар. Қазіргі мәлімет бойынша, бұрын-соңды Пәкістанға қашқан ауған азаматтарының 36 пайызы әлі де сол лагерьде тұрып жатыр. 1 миллионға жуық ауған халқы осы елде заңсыз қалып қойған. Жалпы, бұл елдің шенеуніктері көр-

шілерін күшәк жая қарсы алайын деп тұрған жоқ. Ауған жерінен заңсыз миграция, жендеттер өтпесін деп Пәкістан билігі шекара бойымен қалың қабырға соқты.

**Иран.** Сондықтан келесі негізгі екі бағыт қалады – Иран және Орталық Азия. Иранда ауған босқындарына арналған 3 лагерь бар. Алайда онда халықлық толы, 1 миллион шамасында. АҚШ санкциялары Иран экономикасын тұншықтыра бастағалы ондағы босқындардың жағдайы да нашарлаған. Әрине, ауған босқындары бірден Еуропа не АҚШ-қа аттануды жөн көреді. Бірақ жолда кедергі болатын тау-тас, өзен-көл, шекара сымдары, қабырғалары аз емес. Сондай қабырғаның бірін Түркия Иранмен шекара бойында салды. Қабырғаның ұзындығы 300 шақырымдай, биіктігі 3 метр. БҰҰ Иранға ауған шекарасын жаппауды сұрады.

**Еуропа.** Еуроодақ Сирия босқындарынан соң Ауғанстан азаматтарын қабылдауға дайын емес секілді. Алайда дәл осы одақ мүшелері 2001 жылы АҚШ-пен бірге НАТО аясында Ауғанстан территориясына әскер кіргізді. Яғни, белгілі деңгейде енді сол ауған жұртына көмек қолын беруді тиіс, моральдық міндеті десек, артық болмайды. Өткен 20 жылда НАТО елдерінің армиясына көмектескен, оларға жұмыс істеген, тілмаш болған жергілікті жұрт аз емес. Бірақ Ауғанстанды жылдам тастап шығып жатқан Еуропа елдерінің әскері оларды өзімен бірге ала кетуге ниетті емес екен. Мысалы, Bild газеті Ауғанстанда болған Германия жауынгерлері өздерімен бірге жұмыс істеген ауғандықтарға виза бермей, оның орнына ұшақтарға 340 шыны сарап, 65 мың дана сыра артып әкелгенін жазды. Кейін осы елдің

сыртқы істер министрі Хайко Масс «біз қазір 2 мың ауғандыққа виза берсек, ертең ол 20 мыңға өсер еді» деп ақталды. Франция президенті Макрон да «Еуроодақ жалғыз өзі заңсыз миграцияны қабылдай алмайды» деген ұстанымын мәлімдеді. Алайда қазір тек Ұлыбритания ғана 20 мың Ауғанстан азаматын қабылдауға даяр екенін хабарлады. Бұл елде 20 жылға жуық әскери операция жүргізген АҚШ ауған мигранттарын қабылдайтын шығар деген сауал туындайды. Бірақ қазір Ауғанстанның өзінде 10 мыңнан 40 мыңға дейін АҚШ азаматы қалып қойған. Себебі бұған дейін түрлі гуманитарлық ұйым, жеке әскери, логистикалық компания қызметкерлерін ауған жеріне жіберген. Президент Байден үшін алдымен сол өз азаматтарын аман шығару маңызды.

**Орталық Азия.** Қысқасы, Ауғанстан босқындарын ешкім қуана қарсы алайын деп тұрған жоқ. Сондықтан олар үшін ең жақын маршрут Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан болуы өбден үстіне. Дегенмен бұл елдер босқындарды шекарасынан өткізе қоймас. Жағдай қиындаса, уақытша босқындар лагерін ашады. Егер мындаған кісі лап берсе, лагерьде олардың барлығын күнделікті тамақтандыру, емдеу оңайға соқпайды. Яғни, шығынды кім төлейді деген мәселе туындайды. Әдетте қаржы ауыртпалығы мигранттарды қабылдаған елдерге түседі. Оны Сириядан 2-3 миллион босқынды қабылдаған Түркияның тәжірибесінен көрдік. Егер Орталық Азиядағы көршілеріміздің экономикасы қуатты емес екенін, байтырдаған пандемия жағдайды қиындатқанын ескерсек, онда аталған үш ел шекарасын



мықтап жабуға тырысатын шығар. Бірақ маусымнан бері «Талибаннан» қашып, бас сауғалаған талай жауынгер аталған шекара сызығын заңсыз кесіп өтті. Дәл солай босқындар да шекараны аттамасына кім кепіл? Оған қоса, бұл үш елдің арасында ауған-түрікмен шекарасы әлсіз деген мәлімет бар.

Бұдан бөлек, Ауғанстан азаматтары Өзбекстан шекарасын кесу үшін түрлі амалға барып жатқан көрінеді. Мәселен, Өзбекстаннан басқа елге ұшып кету үшін әуе билетін алып, оны шекарада көрсетеді. Алайда өзбек тарапына өткен соң билетті өткізіп, Өзбекстанда қалып қойып жатқандар аз емес екен. Сондай-ақ Әмудария бойымен бос құтылардан (баклажка) құралған салмен өтіп жатқандар да бар. Көпшілігі Термез қаласында қалып қойып жатыр. Әрине, Өзбекстан билігі бұл жағдайға көз жұмып қарамайды. Ертен босқындарды жаппай депортациялау басталса, онда заңсыз мигранттардың басым бөлігі Қазақстанға да бет алуы мүмкін.

**Дайындық басталды.** Қазірдің өзінде Қазақстанның Төтенше жағдайлар жөніндегі вице-министрі Ибрагим Құлшымбаевтың қолы қойылған қызметтік хат қаламторда тарап кетті. Онда ми-

нистрлік Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары әкімдіктеріне босқындарды қабылдау үшін 20 тамызға дейін дайындық шараларын қабылдауды тапсырған. Министрлік бұл құжатты жоққа шығармады. Яғни, Қазақстанға босқындар келуі мүмкін, сол үшін Үкімет дайындық жұмыстарын бастап кетті деген сөз.

**Азаматтық соғыс басталса...** Жалпы, «Талибан» қозғалысы билікке келгенімен, толық мойындалды деген сөз емес. Ауғанстанның әлі талай өңірінде дала командирлері бар. Ал Панджшер аймағында атақты командир Ахмад Шах Масудтың ұлы Ахмад Масуд талибандықтарға қарсы күресті бастап кетті. Бірнеше күн бұрын бас сауғалап, Өзбекстанға өтіп өткен генерал (маршал) Дустумның 10 мың жауынгері осы аймаққа бет алды. Яғни, Ауғанстанда азаматтық соғыс жалғасуда деген сөз. Соғыс «Талибаннан» қашқан жұрттың санын ұлғайтатыны анық. Қазіргі жағдайға қарасақ, болашақ босқындардың біразы Орталық Азия елдерінен пана іздеуі мүмкін. Ауған жерінің солтүстігінде тәжіктер, өзбектер аз емес. Олар атаконысынан қолдау іздейтін шығар. Әрине, жер-

гілікті халық сырттан келгендерге қуана қоймас. Бірақ мигранттар легі лап берсе, оларға пана болуға тура келеді. Бұдан бөлек, Орталық Азияның Ауғанстанмен шекара-лас аймағында таулы мекен жетерлік. Ол да босқындар үшін жақсы мүмкіндік. Оған қоса, АҚШ шілде айында Орталық Азия елдеріне кезінде америкалықтарға көмектескен 9 мың ауғандықты қабылдауды сұраған еді.

**Сөз соңында.** Сонымен, Ауғанстандағы жағдай ұшыға бастады. Бірер айда «Талибан» өзінің қатаң ережелерін ауғандықтардың күнделікті тұрмысына енгізе бастағанда босқындар саны қазіргіден де күрт артуы мүмкін. Олардың бір бөлігі Қазақстан территориясына да жетуі ғажап емес. Сондықтан оларды қабылдаймыз ба, жоқ па, әлде еліне бірден депортациялаймыз ба, мүмкін кендік танытып, уақытша пана береміз бе деген сұрақтардың жауабы бүгін табылуы тиіс. Бұл дилемманың жауабын табу қиын. Бір жағы өз халқымыз босқындарға «есік ашуға» қарсы болуы мүмкін. Екінші жағы Қазақстан халықаралық қатынас пен құқық жүйесінің мүшесі ретінде БҰҰ-ның босқындарды қабылдау туралы өтінішін орындауына тура келетін шығар.

## «ТАЛИБАННАН» келер қауіп қандай?



Ауғанстан билігінің әлемдегі көптеген ел мен Қазақстанда тыйым салынған «Талибан» күштерінің қолына көшуі талайдың ұйқысын бұзып тұр. Қазақстан билігі үшін де аталған мәселе өзектіліні жоймақ емес. Демек, етек-жеңді жинап, сақтана отырғандың артықтығы болмаса керек. Әсіресе, әскери қызметкерлердің арқалайтын жауапкершілігі ауыр.

Ардақ СҰЛТАН

Осыдан бір апта бұрын Қорғаныс министрлігінде аппараттық кеңес өткен. Министр Нұрлан Ермекбаевтың басқаруымен өткен басқосуда халықаралық армия ойындарына даярлық, әскери ғимараттар мен казармалардың дұрыс болуы, оқу-жаттығу, запастағы әскери қызметкерлердің сапасы мен біліктілігі тәрізді мәселелер сөз болғанымен, іс жүзінде Ауғанстандағы жағдайға байланысты Қарулы Күштердің даярлығын пысықтау айрықша назарда болды. Тіпті, министрлік тараптан ресми мәлімдемде «Ауғанстан Ислам Республикасындағы ахуалдың шиеленісуіне байланысты Қарулы Күштерде қырағалықты күшейту

бойынша шаралар қабылданды. Ең алдымен бұл арнайы операциялар күштерінің бөлімшелеріне, майдан және әскери-көлік авиациясына, әуе шабуылына қарсы қорғанысқа қатысты болып отыр» делінген. Бұл дегеніміз – биліктеріміздің «Талибан» қозғалысына сенуге болмайтынын жақсы түсініп отырғанын көрсетеді. Бөлікші, барлаушылардың қосымша мәліметтері бар ма, кім білсін, әйтеуір «сақтансаң, сақтаймын» дейтін қағиданы әскерилер жақсы түсінген сынайлы. Жиынның мәні де осында.

### ҚАУІПСІЗДІК БІРІНШІ ОРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ

Әдетте қауіпсіздік жайлы сөз еткенде бұқара бірден Қарулы Күштерге қарайды. Рас, Қарулы

Күштердің ел қауіпсіздігін қорғаудағы рөлі бірінші орында тұратыны жасырын емес. Алайда елдің ішкі қауіпсіздігі, тұрақтылықты сақтау, геосаясатқа қате қадм жасамау тәрізді сансыз шарттардың да мемлекеттің тыныштығына тікелей әсер ететінін ескерген жөн. Оның үстіне, бүгінгі қауіп бір қырлы емес екенін барша мемлекет мойындайды. 2017 жылы қабылданған Әскери доктринада да Қазақстан оны ашық көрсетті. Сол құжатта «гибридті күрес», кибер және ақпараттық қауіпсіздік тәрізді тың ұғымдар бар. Демек, Ауғанстан жақтан төнуі мүмкін қатердің алдын алу үшін ішкі саясатқа жауапты органдар, ішкі істер саласы қызметкерлерінің, ҰҚК мамандарының, қала берді ҚМДБ өкілдерінің де қырағы болмағы керек. Әйтпесе, әскерді қанша даяр қылдық дегенмен, армия ел ішінде қиылық салатын өз азаматтарымыз болса, оларға қарсы қолданылмайды.

Жалпы, Ауғанстан тарапынан төнуі мүмкін қатерлерді әскери, әлеуметтік, идеологиялық деген үш түрге бөлуге болады. Әскери қауіп әдетте бірден қарулы қаты-ғыстарды еске түсіреді. Мұндай жағдайда армияның күшейтілуімен қатар көрші мемлекеттермен өзара ынтымақтастықтың да маңызы арта түседі. Мұны бірқатар саясаттанушы да айтып жүр. Жас саясаттанушы Асхат Касенғали Ауғанстан тарапынан төнуі мүмкін қауіпке байланысты Орталық Азия елдерінің консультациялары жиілегенін айтады.

«Ауғанстандағы жағдай Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздік саласын күшейтуге итермелеп отыр. Бұл тұрғыдан Орталық Азия елдерінің басшылары өзара кенестер өткізе, қорғаныс министрліктері бірнеше мәрте жаттығу өткізді. Мысалы, Өзбекстан мен Тәжікстан әскерлері Ресейдің бастамасымен әскери жаттығулар өткізіп, полигондардың шаңы бау-сылмай жатыр. Қазақстан Республикасы да Ауғанстандағы жағдайдан кейін қырағалықты арттыру керектігін түсініп отыр. Арамызда

Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан сынды бұферлі елдердің барына қарамастан, қауіпті жоққа шығаруға болмас. Әрі алыс перспективада айтатын болсақ, Орталық Азия елдерінің оңтүстік шекарасында жағдай ұшықса, онда әскери көмек беру жағын да қарастыру керек. Отты жағалаудың бергі жағында емес, арғы жағында сөндірген абзалырақ қой. Тәжікстанға онсыз да ҰҚШҰ аясында Парламент рұқсатымен әскер жіберуге болады, әрине егер Душанбе сұрап жатса. Ал Өзбекстан мен

көктей өтіп, Ресейге бір-ақ тартуды көздейді. Ал елге кіріп кеткен босқындарды күшпен шығаруға құқымыз жағы жоқ. Біраз халықаралық құжатқа қол қойғанбыз. Тіпті, асырап-бағуға да мәжбүр болуымыз мүмкін. Мұндай жағдай қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді ұлғайтуы мүмкін. Асхат Касенғали да мұны жоққа шығармады, «Оңтүстік шекараны күшейту керек. Ауғанстаннан Өзбекстанға босқындардың келіп жатқанын көріп отырмыз. Олардың нақты саны қанша екені де айтылмайды.

**Орталық Азия елдерінің оңтүстік шекарасында жағдай ұшықса, онда әскери көмек беру жағын да қарастыру керек. Отты жағалаудың бергі жағында емес, арғы жағында сөндірген абзалырақ қой. Тәжікстанға онсыз да ҰҚШҰ аясында Парламент рұқсатымен әскер жіберуге болады, әрине егер Душанбе сұрап жатса. Ал Өзбекстан мен Түрікменстан ұйымда іске асыруға болады деп санаймын.**

Түрікменстан ұйымда болмағандықтан, мемлекетаралық келісімдер аясында іске асыруға болады деп санаймын. Алдымен ондай келісімдерді жасау керек. Сол себепті Ауғандағы жағдай бізден алыс деп арқаны кенге салмай, етек-жеңді жинап отырғанымыз жөн», – дейді саясаттанушы. Біздің пайымдауымызша, әскери қауіп-қатердің төнуі ықтималдығы аздау. Алайда «Талибанның» билікке келуінің әлеуметтік және идеологиялық қауіп күштірек тәрізді. Өйткені қазір Ауғанстанда «Талибандардан» қашып кетуді көздейтін мыңдаған азамат бар. Олар, әрине мүмкіндігінше Түркияға, Араб елдеріне, Еуропа мен АҚШ, Канадаға кетуге тырысады. Бірақ ең жақын елдер Орталық Азия мемлекеттері екенін де жақсы біледі. Әрі Тәжікстан мен Қырғыз Республикасының таулы-тасты аймақтары Ауғанстаннан қашып өтуге де қолайлы. Тіпті, шекарашыларға пара берсе де өтіп кету мүмкіндігі бар. Одан кейінгісі белгілі. Босқындар Орталық Азияны

Мүмкін жүз, мүмкін мың. Сондықтан шекара бекеттері арқылы өтуі мүмкін жандарды да бақылауды күшейту керек. Өкінішке қарай, Орталық Азия елдеріндегі жем-корлық пен паракорлық деңгейін ескерсек, аз болса да бұл қауіпті естен шығармаған жөн», – деді саясаттанушы. Ал идеологиялық қауіп тіптен жоғары.

### ІШКІ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

Әрине, ресми секіме қызметкерлері мен дін саласының мамандары радикалды көзқарастағы азаматтар саны азайғанын, оларды «үйріге қосу» жұмыстары қызу жүргізілгенін айтады. Дінтанушы Мұхан Исахан 2011 жылдан бері діни оналту бағытында қызу күрес жүргенін айтады. Ол біздің бір сұрағымызға «Діни радикализм тежелді. Егер сол кезде қамданбағанда, қазір Ауғанның ар жақ, бер жағында болар едік» деп жауап берген еді. Әрине, дін саласында жүрген мамандардың уәжін де ескеру керек. Расында да, діни ра-

дикализм Қазақстанда азайған болуы мүмкін. Алайда дін төңірегінде жүрген мамандардың өзі түрлі ағым бар екенін мойындайды. Демек, радикализмді жойдық дегенмен, іштей тынып жүргендер ел арасында кездесуі мүмкін. Ондайлар «Талибанның» Ауғанстанды билеп-төстеу бастауынан «рухани күш» алуы ғажап емес. Тіпті, «Талибан» өкілдеріне сүйкімді болып көрінуге де ұмтылуы мүмкін. Оның үстіне, қозғалыс құрамында түрлі діни, этникалық және саяси топ бар. Саясаттанушы Асхат Касенғали сол себепті радикалды көзқарастағы азаматтарды бақылау қажет деп санайды. Ол Қорғаныс министрлігінде өткен жиында бұл мәселе қаралған шығар деген үмітте, «Ең алдымен Қорғаныс министрлігі мен ҰҚК ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында радикалды көзқарастағы жандарды бақылауды күшейтіп деген ойдымыз. Өйткені лаңкестердің жетістігі мен жеңісі біраз радикалдық ағымды желіндіріп қойғаны анық», – дейді А.Касенғали.

Айтпақшы, алыстағы Ауғанстаннан тікелей қауіп төнбегенін өзінде қоғамдағы бірлікке сына қағатын қосалқы ықпалы да бар. «Талибанның» билікке келуін жақтап сөйлейтіндер мен даптап сөйлейтіндер, Ауғанстан қазағын көшіріп алуды құптайтындар мен қарсылар, салафилік ағымның ел ішіне дендеп енгенінен қауіптендір деісін бе, әйтеуір әлеуметтік желіде топ-топқа бөлініп дауласып жататындар көп. Мұндайда қоғамның қалтарыс-бұлттарысында ел қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін өзге процестер басталып кетуі ғажап емес. Ресейдің Қазақстандағы тіл мәселесіне қатысты тұрмыстық деңгейдегі әңгімесі орталық телеарналар эфиріне дейін шығарып, біздің бұнысыз жерімізге пышақ ұрып отырған тәрізді жағдайлар соның айқын дәлелі. Қоғам мүшелері қауіпті қайдан таңуы мүмкін екенін назардан тыс қалдырып, гибриді күрес амалдарының елімізде де қолданылуына жол беріп алды. Бұл да ескеретін дүние.

## Ақмолада кей мектептер талапқа сай келмейді

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалса да, Ақмола облысының көптеген білім беру орындары талапқа сай емес. Облыс мектептерінің оқу жылына дайындық барысын тексерген кешенді мониторинг тобы ондаған мектептерден елеулі кемшілікті анықтады. Әсіресе, санитарлық-эпидемиологиялық стандарттардың, медициналық қызмет көрсету және тамақтану саласындағы нормалардың өрескел бұзылғаны белгілі болды. Көңілге кірбің салатын мәліметті Ақмола облысының Білім беру жүйесінің сапасын бақылау департаментінің басшысы Серік Алтаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында мәлімдеді.

### 26 МЕКТЕП СПОРТ ЗАЛЫНСЫЗ, 69 МЕКТЕПТЕ КІТАПХАНА ЖОҚ...

Мониторинг облыстың 551 мектебін тексерістен өткізген. Жүргізілген кешенді бақылау барысында ондаған білім ордаларындағы олқылықтар анықталды.

Облыстың оқушылар саны 50-ден төмен шағын комплексті және негізгі мектептерде медициналық қызмет лицензиясы қосымша мен келісімшарттар жасалмаған, тіпті медициналық кабинеттер мүлде жабдықталмаған болып шықты. Ал 46 мектепте бала санының аздығы және тамақтануы ұйымдастырушыларының болмауына байланысты тамақтанатын орын жоқ. Мектептерде балаларды тамақтандыру ата-аналардың қаражаты есебінен жүзеге асырылған. Мұнымен қоса, 26 мектепте спорт залының, 69 мектепте жеке кітапхананың жоқ екені, ал Қорғалжын ауданындағы Арықты орта мектебінде меншік құқығының да тіркелмегені анықталды.

### ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНАЛАР ЖОҚ, МЕКТЕП ЖИҢАЗДАРЫ ЕСКІ...

«Мектеп кітапханаларының әлемдік көркем әдебиетпен қамтылуы жеткіліксіз. Электронды кітапханалар жоқ. Мониторинг барысында мектеп жиһаздарының, сынып тақталарының көп қолданғандықтан жарылып кеткені, ауыстыру қажеттігі көрінді. 36 шағын комплексті бастауыш мектепте компьютер класы жоқ. Облыстың 256 мектебінде Ұлттық білім беру деректер қорындағы (ҰБДК) мәліметтердің шынайы орналасырылуы қамтамасыз етілмеген. Білім басқармасы органдарына негізгі көрсеткіштер бойынша ҰБДК деректерін толтыруға талдау жасау қажетті ұсынылды», — дейді департамент басшысы Серік Алтаев.

Негізгі мәселелердің бірі ретінде edu.kz аймағында облыс мектептерінің бар болғаны 3 пайызында ғана үшінші деңгейлі доменнің бар

екені аталды. Сондай-ақ жекелей қолдану үшін жабдықталған шкафтар облыс мектептерінің 14 пайызында ғана бар болып шықты.

«Мәселе облыс әкімдігіндегі және білім басқармасындағы жиындарда, білім беру ұйымдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде бірнеше рет көтерілді. Бірақ бүгінге дейін нәтижесі көңілге қонбайды», — дейді Серік Алтаев.

### 168 МЕКТЕПТІҢ ОҚУ КАБИНЕТІ ЖОҚ

Бұған қоса, облыста әсіресе шағында жатқан ауылды мектептерде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу кабинеттерінің жеткіліксіздігі анықталды. Атап айтқанда, 168 мектепте химия, биология, физика, қазақ тілі, география, орыс тілі, информатика сияқты негізгі пәндерден оқу кабинеттері жоқ. 494 негізгі және орта мектептерде құрал-жабдық жеткіліксіз.



194 мектептің жаратылыстану циклі пәндерден тәжірибелік жұмыстар жүргізу үшін зертханаларының жабдықтауы жеткіліксіз болып шыққан.

Айта кететін өзекті жағдайдың бірі — бірқатар мектеп қарапайым қажеттіліктерден ала қалғаны алаңдатты. Облыстың 50 мектебінде су жүйесі орталықтан берілмеген әрі ұнғыма қазылмаған. Су тек тасымалданып әкелінеді. Ал тіршілік нәрі осылайша жеткізілетін мектептердің 70 пайызында тіпті су тасымалдауға келісімшарт та болмай шықты. Орталықтандырылған көріз жүйесі тек 84 мектепте, яғни барлық мектептің 15,2 пайызында бар болып шықты. Ал септикті тазалау

келісімшарты 327 мектепте ғана бар екені анықталды.

### 513 МЕКТЕПТЕГІ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ТАЛАПҚА САЙ КЕЛМЕЙДІ

Мониторинг тобы тексеріс барысында мектептердің бейнебақылау жүйесінде де шалалық байқады. Өткен жылдың жазында ғана облыстың барлық мектебі бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Оның ішінде 29 мектеп жедел басқару орталығына қосылыпты. Алайда жүргізілген тексеріс ІІМ мен Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылдың 23 қаңтарындағы бірлескен бұйрығының бұзылғанын анықтады. Облыстың 513 мектептің бейнебақылау жүйесі

сі талапқа сәйкес келмейді.

«Білім беру мекемелеріндегі кемшіліктер мен күрделі мәселелерді шешу әрі түзету үшін облыс әкімі мен білім басқармасының басшыларына хат жолданды. Сондай-ақ қажетті ұсыныстар жоспарланып берілді», — дейді Серік Алтаев.

**P.S. Сонымен, оқу жылына санаулы күндер қалса да елдегі өзекті саланың бірі — білім беру нысандарында жоғарыдағы қателіктер мен мәселелер анықталды. Олардың қаншалықты шешімін табатынын алдағы уақыт көрсете жатар...**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

## Аспалы көпір салынбай тұр



Жамбыл облысы Құмшағал стансасында үш жасар қыздың ажал құшқаны жұртшылықтың есін шығарды. Ай мен күннің аманында пойыздың астына түсіп өлген бүлдіршіннің қазасы жағындарын ғана емес, тұтас халықтың қабырғасын қайыстырғаны анық. Оқыс оқиғаға біреулер баласына ие бола алмаған ананы кінәласа, енді екіншілер теміржолға жауапты мекемелерді сын садағына алды.

### ҮШ ЖАСАР ҚЫЗДЫҢ ҚАЗАСЫНА КІМ КІНӘЛІ?

Негізі, теміржол қауіпті аймақ саналатындықтан, мұнда қауіпсіздік шаралары барынша сақталуы қажет. Ал Құмшағал стансасында қауіпсіздік деңгейі қандай? Қайғылы оқиға болатын күні Д. есімді азаматша Құмшағал стансасынан Құмшағал иініне баласын белгіленбеген жермен алып өтпек болған. Қызын алға жіберген әйел қас пен көздің арасында келіп қалған пойыздан сасып қалып, баласын құтқара алмай қалған. Көз алдында көз жұмған перзентінің денесін көрген әйел есін жия алмай, жедел жәрдем мен тәртіп сакшыларынан жағдайды естіген соң жолдасын шақырған.

Жалпы, құмшағалдықтардың айтуынша, бұл стансада болған бірінші жағдай емес екен. Теміржолға аспалы көпір қажеттігін тұрғындар 1970 жылдан бері көтеріп келе жатқан көрінеді. 2016 жылы жұрттың жанайқайы жауапты мекемелерге жетіп, көпірдің сызбасы сызылып, орны да белгіленіпті. Алайда түрлі себеппен көпірдің құрылысы басталмай жатып аяқталған. «Егер 5 жыл бұрын көпір салынғанда үш жасар қыздың қазасы сияқты қайғылы оқиғалар болмас па еді», — дейді Құмшағал иінінің тұрғыны Токбергел Орынбасар.

Құмшағал стансасының қауіпті екенін Тараз стансасы желілік полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Аслан Қайназарұлы растап отыр. Оның сөзіне сүйенсек, халық көп шоғырланған аумақтағы теміржолдың жиегі арнайы қоршауы қажет екен. Өйткені бұл Тараз стансасы желілік полиция бөлімінде адам өлімімен аяқталған бәсінің дерек болып отыр. Ал былтыр үш адам қарақат алып, төрт адам ажал құшқан.

### АСАЛЫҚТАР АСПАЛЫ КӨПРДІ ТАҒЫ ҚАНША КҮТЕДІ?

Теміржол үстіне аспалы көпір сұрап, базанысын білдіріп жатқан жұртшылық Жамбыл ауданы Аса ауылында да аз емес. Ауданда 12157 халық тұратын болса, соның

1 520-ы теміржолдың сол жақ бетіне қоныстанған. Сондай-ақ 150-ден астам мектеп оқушысы сабаққа бару үшін күнделікті теміржолдан өтеді.

— Балаларымыздан бөлек, біз сияқты үлкен кісілерге теміржолдан өту қиынның-қиыны. Алайда амал жоқ, аудан орталығына бару үшін күнделікті «кып көпірден» өткендей, теміржол арқылы қатынауымызға тура келеді.

Көлік өтетін жол үйімізден алшақ орналасқандықтан, жедел жәрдем көлігі де кешігіп келеді. Ал теміржолдың үстінен баласын қолына көтеріп өтіп бара жатқан әйелдерді көргенде жүрегім аузыма тығылады. Оған қоса, ойын балалары да осы теміржолдың бойымен жүгіріп ойнауға құмар. Қанша ескертсек те оны тыңдайтын бала жоқ.

Пойыз астына түскен төрт түлкіті айтағанда бірер жыл бұрын осы теміржолда мектеп оқушысын отарба басып кетті. Теміржолдан жүгіріп өтпек болған баланың сомекші вагонға ілініп қалып, пойыз оқушының бөлінен екіге бөліп өткен. Пойыздың астында қалған егде жасқа келген апа туралы да естідік.

Қазір осы аумақтағы тұрғындардың саны артып келеді. Жамандыққа жорығаным емес, бірақ жуық арада теміржолдың жиегі қоршалып, аспалы көпір салынбаса, тағы қандай оқиғалар болуы мүмкін екенін ойлаудың өзі қорқынышты, — дейді Бекжан Мақұлов есімді ауыл тұрғыны.

Аудан әкімі Сәкен Арубаевтың айтуынша, осы теміржол үстіне қажетті аспалы көпір мәселесінен облыс әкімдігі ғана емес, Парламент депутаттары да хабардар екен. Сондай-ақ Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың қоғамдық қабылдауында да түйінді түйткілдің жайы айтылыпты. Нәтижесінде, Үкімет басшысының орынбасары аспалы көпір құрылысының жобалық-металық құжаттарын аудандық бюджет есебінен дайындауды тапсырған. Қазір қажетті құжаттар рәсімделіп, республикаға жолданып отыр. Алайда ол қаржы

қазынадан қашан қаралып, құрылыс жұмыстары қай кезде басталатыны белгісіз.

### ӨТКЕЛ ДЕ, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТЕ ЖОҚ

Аспалы көпір салу мәселесі Тараз стансасына қарайтын теміржолдарда да өзекті. Мәселен, «Қант зауыты» мен «За линей» тұрғындары жанайқайын білдіріп, бармаған жері, қақпаған есігі қалмаған. Алайда аспалы көпір мәселесі шешімін таппай, тұрғындар теміржолмен жандарын шүберекке түйіп өтіп жүр. Мұнда да теміржол бойында ажал құшқан немесе мүгедек болып қалған жандар аз емес.

— «За линей» (Тынышбаева, Наурыз көшелері) көшелерінің тұрғындары күнделікті жұмысқа, мектепке, қоғамдық орындарға қатынау үшін теміржол арқылы өтеді. Неге десеніз, «За линейге» теміржолдан асып автобус келмейді. Сол үшін тұрғындардың қоғамдық көлікпен қатынауы үшін теміржолдан өтіп, «Байзақ батыр» көшесінің соңындағы «Элеватор» аялдамасына барудан басқа амалы жоқ. Мұны теміржол басшылығы мен жергілікті әкімдік те біліп отыр. Енді қандай шешім қабылдайтыны белгісіз. Әзірге жұмысқа кешігіп барып немесе дәл уақытында жету арқылы пойыздың арасымен өту үшін тәуекелге бас байлап жүрмізге тура келіп отыр, — дейді Әлия Иманбай есімді тұрғын.

### «СЕН САЛАР ДА МЕН САЛАР...»

Теміржол төңірегіндегі осындай өзекті мәселелерді жинақтай келе, біз «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ Жамбыл бөлімшесі» филиалына ат ізін салдық. Бөлімшенің бас инженері Анатолий Ким «Қазақстан Темір Жолы» АҚ мен жергілікті әкімдік бұл мәселені хабардар екенін айтты. Ал жұрыда болған үш жасар қыздың қазасынан кейін арнайы жиын өтіп, жедел шара қабылданыпты. Атап айтсақ, стансаларда дабыл қағатын аппараттар саны көбейтіліп, қосымша жарықтандыру, теміржол бойына ескертпе үшін баннер қою жұмыстары жүргізілген. Сондай-

ақ желілік полиция бөлімінің қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын күшейткен.

— Тараз стансасының аумағындағы теміржол бойында тұратын халықтың жағдайы бізге белгілі. Расында, қанша ескерту жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен, қайғылы жағдай көбейіп тұр.

Қазіргі аса қауіпті аймақтардың тізімінде Байзақ батыр көшесі бірінші тұр. Рас, тұрғындар күнделікті пойыз жолдан өту үшін 40 минут күтуге мәжбүр. Бұл жерге жерасты көпірін салуға да болады. Бірақ оған қомақты қаржы керек. Әрі теміржолдағы пойыз бағыттары да уақытша тоқтатуға тура келеді. Сондықтан ең дұрыс шешім — аспалы көпір салу. Бұл ұсынысымызды облыс әкіміне арнайы хат ретінде жолдадық, — дейді бөлімнің бас инженері.

Жергілікті билікке жолданған хат біздің де қолымызға тиді. Онда аспалы көпір салуды қажет ететін алты аймақ көрсетіліпті. Тізімнің басында Байзақ батыр көшесіндегі «Элеватор» аялдамасы тұрса, одан кейін Абай көшесіндегі теміржол қиылысы, «Ауыл береке» базарындағы автокөлік көпірі, Құмшағал, Аса, Талас стансасының аумағы көрсетілген. Осы аймақтарда 2020-2021 жылдардың аралығында тұрғындардың теміржолдың рұқсат етілмеген орындарынан өтуінің салдарынан пойыздар 106 рет шұғыл тежелуге мәжбүр болған екен. Соның ішінде 7-еунде адамды пойыз басып кеткен. Ресми хатта осы деректердің барлығы келтіріліп, «Облыс азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында және ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31-бабы 7-тармағына сәйкес, теміржол үстінен өтпелі жаяу көпір салу мәселесін облыстық бюджеттен қарастыруыңызды сұраймыз», — делінген.

Жалпы, бөлімшенің бас инженері Анатолий Кимнің айтуынша, үш жасар қыз қаза болған Құмшағал стансасында жерүсті өткелі бар екен. Алайда ол талапқа сай емес. Сондықтан маман мұнда да аспалы көпір салып, теміржол айналасын қоршап тастау қажетін айтты.

Әрине ұсыныс айтып, хат жолдау кез келген мекеменің қолынан келетін нәрсе. Алайда теміржолға қатысты мәселе ең бірінші «Қазақстан темір жолы» АҚ жауапты емес пе? Өзге мәселелерге келгенде жергілікті билікті жандарына жуғыта бермейтін «Қазақстан темір жолы» мекемесі аспалы көпір салуға келгенде жергілікті билікпен қалай санасып қалды?

Әрине, байыбына бармай, байбалам салудан аулақпыз. Алайда «сен салар да мен салар, атқа жемді кім салардың» керін келтіріп, аспалы көпір салу мәселесін бір-бірімізге сілтеп жүргенде шойын жолдың бойында ажал құшқан ағайынның саны артып кетпесе игі...

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

## Этношеберхана ашылды

Алматы облысында жүн өңдейтін және ұлттық дәстүрге сай көрпелер шығаратын этношеберхана іске қосылды.

Ақсу ауданы әкімдігіндегілердің айтуынша, шеберхана «Тамшыбұлақ» қорының жетекшісі Жанат Есімбековтің бастамасымен Қапал ауылында іске қосылыпты. Ауылдағы кәсіпкерлікті дамытып, жастарды жаңа іске баулуға, кәсіпке үйретуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жоба «Азаматтық бастамаларды» қолдау орталығы КЕАҚ-ның арнайы конкурсы шеңберінде берілген грант есебінен жүзеге асырылған.

— Қазір өз кәсібінді ашып, еңбек етуге еш келергі жоқ. Қайта қолдаудан кенде болмайсың. Сондықтан біз де бүгінгі күн талабына орай өз кәсібімізді бастауға бел будық. Бағдарлама жеңімпазы атанып, қайтарымсыз несиесі қол жеткіздік. Ендігі кезекте ұлттық өнердің қайта жаңғырып, дамуына өз үлесімізді қосқымыз келеді, — дейді Жанат Есімбеков.



Жобаның жалпы құны — 500 мың теңге. Бүгінде 2 жұмыс орны құрылып, 10 адам ұлттық колөнердің қыр-сырын оқып-менгеруде. Басты мақсат — ұлттық өнерді әдемі көрпелерге кестелей отырып, ұмытыла бастаған дәстүрді қайта жаңғырту. Алғашқы кезеңде этношеберхана ауыл халқын сұранысқа ие өнімдерімен қамтамасыз етуге күш жұмсамақ. Ал болашақта бағытталған жоспардың жүзеге асуы, алғашқы асулардың сәтті бағындырылуына байланысты болмақ.

Қапшағай қаласында да осындай игілікті іске қадам басқан көпбалалы ана Жанат Медетқызы «құрақ көрпе» құрақ бұйымдарын жасаудың ескі технологиясын бүгінгі заманға ыңғайлап, қайта дамытуда. Бұл салада тәжірибесі жетіп артылатын колөнер майталманы қапшағайлық бойжеткендерге өз білгенін үйретуде. Сондай-ақ тапсырысты Қазақстанның барлық қалаларына жеткізеді.

Жанат Медетқызының айтуынша, бір күнде цех тігіншілері 40-50 қалыңдыққа арналған жасау жүгін тіге алады. Тігіншілер әрбір тапсырысқа білек сыбана кірісіп, өнімдерінің сұранысқа сай сапалы шығуына барын салады. Олардың ойынша, құрақ тігісі көп уақытты қажет ете отырып, көркемдік талғамды да талап ететін өте қызықты әрі күрделі іс. Өйткені түстер мен пішіндерді бір-бірімен үйлестіріп, үйлесімді үлгіге айналдыру үшін дұрыс таңдау керек. Құрақ жастықтар, көрпелер, жапқыш өзінің қанық түсті, сан түрлі оюларымен көптің таңдайын қақтырады. Цехта барлығы 20-дан астам өнім түрі шығарылады.

— Әрбір өнер, әрбір пішіннің өзіндік мағынасы бар. Сондықтан әр жағдайға байланысты тиісті пішіндер болғанын ескерміз. Көп жағдайда біз жастық, көрпе, төсек жапқышты ұлттық оюмен көркемдейміз. Ата-бабамыз қолданған оюлармен өрнектейміз. Кей өнімге заман ағымына сәйкес өзгеріс те енгіземіз. Жас жұбайлар жинағын ақсу, қос ғашықтың суретін салып не болмаса ізгі тілектер мен есімдерін жазып көркемдейміз. Қолымыз тиген әрбір өнімге бар жанымызды салып, білгенімізді жұмсап, мүжіп сала кірісеміз, — деген шебердің айтуынша, осы салада еңбек етіп жүргендерді тек өз ойын жүзеге асыру, өз ісін ашу, өз бизнесін дамыту ғана емес, ең алдымен өскелең ұрпаққа ата-бабаларының мол шығармашылық мұрасын, баға жетпес дәстүрлерін, тарихи мен мәдениетін сақтау және беру ниеті біріктіреді.

Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы

## Ел руханияты тағы бір тарланынан айырылды



**Журналист, жазушы, теледраматург әрі қоғам қайраткері Сұлтан Оразалин 80 жасында өмірден озды.**

Халықаралық телевизия және радио академиясының академигі, құрметті ардагер Сұлтан Оразалин 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында туған.

Ол — көркем телевизияның негізін салушылардың бірі. Қазақ телевизиясының әдеби-драмалық бағдарламалар бас редакциясын тұңғыш рет ұйымдастырып, оны 15 жылдан астам басқарған.

Оның «Сұхбат», «Қымыз-хана», «Кездесу», «Шұғыла», «Айттыс», «Халық қазынасы» т.б. хабарлар циклы мен «Кек», «Отырар ойраны», «Өлім фабрикасы», «Қашқын» т.б. теле-койлымдары халыққа кеңінен танылды.

Саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетін дәріптеп, туған тілінің тұғырын, ұлтының ұлық мүдделерін ту еткен есілі тұлға артына алты ұрпаққа азық болар шығармашылық үлес пен ғылыми мұра қалдырып кетті. Тәуелсіздіктің танында тәй-тәй басқан жана елдің игілігіне қызметке келіп, жас мемлекеттің ұлттық өрісін кеңейтуге білек сыбана кірісті.

Сұлтан Оразалин — ауыз әдебиеті жанрларын, оның ішінде айттыс, терме, жыраулық өнерді қайта жаңғыртып, көгілдір экранда насихатталуына зор үлес қосқан тұлға.

Ажалға араша бар ма?!  
Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Марқұмның туған-туыстарына, отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Айқын газетінің ұжымы

# Аралас мектептер ұрпақты әлекке салмай ма?

**Әрбір елде білім беру өз алдына идеологияны да қамтамасыз ететін құрал саналады. Тәуелсіздік жылдарынан бері қазақтілді мектептердің ахуалын түгел шештік десек артық айтқанымыз болар. Осы күні орыстілді мектептердің саны азайды дегенімізбен, әлі орыс тілінде білім алатын бала көп. Өйткені бұған аралас тілде оқытатын мектептер жол ашып отыр. Ал бұл олқылыққа баласын орыс тілінде оқытқысы келетін ата-аналарды кінәлаған жөн бе?**

Мадияр ТӨЛЕУ

## ҮЗІЛМЕЙТІН ДАУҒА АЙНАЛДЫ

Араластілді мектептер жайына келгенде бір үлкен мәселенің тиегі ағытыла кетеді. Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдағы дерегі бойынша, елімізде 6973 мектеп бар. Оның ішінде 3 726 қазақтілді мектеп, 1 181 орыстілді, ал 2 043-і аралас мектеп. Басқа тілдерде оқытатын 46 мектеп тіркелген. Енді қараңыз, жаңағы 2 043 мектептің араластілді деген аты болмаса, негізінен орыс тілінде оқытады. Жалпы, аралас мектептер турасындағы дау өткен ғасырда-ақ басталған. Бірақ бүгінгі жағдай өткенімізден де күрделі секілді. Мәселен, белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлының зерттеуінше, 1937-1938 жылдардың өзінде елімізде 478 аралас мектеп болған. Ал қазіргі санды жоғарыда айттық. Яғни, елдегі мектептердің 30 пайызы осы санатта. Онда 1,5 миллион оқушы білім алып жатыр. Басым көбі ресми тілде оқиды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілін «Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы» деп атап көрсеткені баршаға мәлім. Өйткенмен, аралас мектептер осыған тосқауыл тәртізді. Бұл сөзімізді құптаушылар жетерлік. Мәселені жаз басында «Nur Otan» партиясының мүшелері де қозғаған болатын. Партияның Білім мен ғылымды дамытудың республикалық қоғамдық кеңесі жаңадан ашылатын 800 мектепке қойылар басты талап қазақ тілінде білім беруі екенін атап өткен еді. Біз аралас мектептер орыс тілінде білім беруге басымдық беретінін айттық. Сөзіміз жалған болмасын, осы дүниеге жеке тоқталып көрсек.



## ҚАЛАЛАР ҚАЗАҚШАҒА САЙ КЕЛМЕЙ МЕ?

Жыл басында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бір сұхбатында Қазақстандағы барлық оқушы мемлекеттік тілде білім алуы қажет екенін айтқан. Осыдан кейін министр барлық ата-ананы осы максатта жұмылуға шақырып, қазақтілді мектептердің жақсы көрсеткішін алға тартты. Жалпы, республика бойынша қазақ мектептерінің үлесі 65 пайыз (2019 жылы 66 пайыз еді). Десек те, елдің солтүстігінде мемлекеттік тілде білім беретін білім ордалары аса көп емес. Шыңдығында тапшы. Жағдайы мәз емес өңірлер басында Қостанай облысы тұр. Мұнда мемлекеттік тіл бар, жекеменшігі бар, 494 мектеп білім береді. Оның 118-і ғана қазақ мектебі, 114-і — аралас. Аймақтағы 110 мыңнан аса оқушының 32 мыңы ғана қазақ тілінде білім алады. Облыста қазақ мектептерінің үлесі 25 пайыз, қазақша оқып жатқан оқушылар үлесі 29 пайыздың айналасында. Үштен бір бөлігін де толтыра алмайды. Қостанайдағы халықтың 40 пайызы қазақтар екен. Бірақ не мектеп, не мемлекеттік тілде білім алатын оқушылар үлесі неге 40 пайызға толмайды? Демек, қазақ мектептерінде баласын оқытуға құлықсыз ата-аналардың бары анық. Сол секілді Солтүстік Қазақстан облысында да мектептер жайы көңіл көншітпейді. 259 орыс мектебі, 95 аралас, 114 қазақ мектебі бар. Қазақ мектептерінде оқитын 12 мың баладан орысша білім алатын балалар 3 есе артып, 36 мыңнан асқан. Ал 95 аралас мектептің жайы бізге беймәлім.

Көкшетау қаласында да 21 аралас мектеп бар, қазақ мектептерінің саны төртеу ғана. Жағдайы қалай бағаласаныз да еркінде, тек оны тұрған ештеңе жоқ. Жаңағы айтқан 21 аралас мектепте қазақ тілі пән ретінде оқытылады. Қазақ сыныптары аз. Бір мысал, бытыр қаладағы № 1 мектеп гимназиясында 67 сыныптың 20-сы ғана қазақша оқытқан. Қалған 47-сі орыс тілінде білім береді. Жалпы оқушының 74 пайызы жаңағы 47 сыныптың еншісінде. Ал аралас мектептер орыс мектептерінің орнын толтырған.

Нұр-Сұлтан қаласында қазақ сыныптарында 108 мың, орыс сыныптарында 85 мың бала оқиды. Алматыда 140 мың бала қазақ сыныбында, 153 мың бала орыс тілінде білім алады. Бірақ қаладағы мектеп жасындағы балалардың этникалық құрамына қарасақ, 195 мың баланың ұлты қазақ екен. Соңғы кездері кейбір қазақ мектептерінің аралас мектеп үлгісіне ауысып жатқанын да естідік. Білім саласына жауаптылар баяғы бір себепті алға тартады: «орыс тілінде білім алуға сұраныс бар».

## БАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК АТА-АНАДА МА?

Білім және ғылым министрлігі Нұр-Сұлтан қаласында салынып жатқан мектептердің дені аралас тілде білім беретінін хабарлады. Ведомствоның да ұстанымы белгілі, «бәрі сұранысқа сай» демек. Сол жағалауда орыс тілінде оқытатын мектептер аз болғандықтан, аралас мектептегі бала саны көп екен. Оның үстіне үш ауысымды мектептің көптігі басты проблема болған. Осы проблеманы шешудің төте жолы аралас мектеп салу сияқты. Бірақ аралас мектептегі идеология бөлек екенін ескерттік. Ата-аналар қазақша басталған жиналыстың орыс тілінде аяқтала-

тынын жиі айтып шағымданады. Аралас мектеп болғанымен, директорынан бастап орысша сөйлейтінге ұқсайды. Мұны көрген балалар да 40 минут ана тілде тәлім алғанымен, қонырауда орысша шүлдірлейді. Мәселенің түйіні тереңде жатыр. Осы тұста сала маманының пікірін сұрап көрген едік.

— Орыс мектебіне, орыс сыныптарына балаларын кім оқытады? Болашағын солтүстіктегі көрші елмен байланыстыратын адамдар оқытады. Мүмкін басқа да себептері бар болар. Бірақ бір шындық бар, еліміздің келешегі қазақ тілінде білім алғандардың ығына жьғылады. Нақты себептер бар. Бірінші — демография. Сыртқа орыстілділер көп көшіп жатыр. Қазақ саны өсіп отыр. Екінші, орыс тілінің әлемдік аясы тарылды. Кеңес тұсында 400 миллион адам күнделікті орыс тілін қолданса, қазір 200 миллионға жетпейді. Бұл сан азая берері сөзсіз. Үшінші себеп, қазақ мектептерінде білім сапасы артты. ҰБТ нәтижелерін қарай беріңіз, орыс мектептің түлегі емес, қазақша оқығандар көп жинап тұр. Ол аз десеңіз — әлемдік пәндік олимпиадада оза шапқандар қазақ тілінде оқыған. Қазір орыстілді мамандар елге тұрақтамайды. Сондықтан елімізде орыстілді мамандар тапшы. Қазақтілді мамандарға сұраныс артады. Қорыта айтқанда, орыс мектептеріне балалар оқи береді, бірақ оның осы елдегі келешегі байланып жатқанын сүрінбейді, — дейді білім саласының тарапшысы Аягөз Ахметжан.

Білім сапасын тілге тиек етпеген күннің өзінде, мектептердегі жағдай аса жақсы емес. Республикадағы қазақ мектептерінің үлесі 65 пайыз болуы — аз көрсеткіш. Егер жіктеп отырар болсақ, аралас мектептердің өзі орыс мектептерінің қатарын толтыруы мүмкін. Қанша жерден сұраныс деп, баласын орыс мектебіне берген ата-аналарды жазғырсақ та, жағдай оналмайды. Сондықтан қазақ мектептерін көбейтумен қатар, мемлекеттік тілде білім алатын балалардың санын еселеу жолын іздесек керек. Бұл солтүстіктегі облыстар мен үлкен мегаполистердің проблемасы емес, күллі елдің бас ауыртар дүниесі. Алматы облысында 256 мың, Түркістан облысында 171 мыңнан астам, Ақтөбе облысында 73 мың, Маңғыстау облысында 25 мыңнан астам бала аралас мектепте оқиды. Бәлкім, бар айып орыс тіліндегі оқуды сапалы санайтын ата-аналарда ма екен?

## Паралимпиада ойындары басталмақ

**Бірер күннен соң Токиода Паралимпиада ойындары басталмақ. Осыған байланысты әлемдегі мыңдаған спортшы жапон астанасына ағылып жатыр. Олардың арасында еліміздің құрамасы да бар.**



Қазақстан өкілдері ПТР-тест тапсырып, арнайы тіркеуден өтіп үлгерді. Одан кейін олимпиадалық қалашыққа орналасты. «Енді біртіндеп дайындық ден қойдық», — дейді Ұлттық паралимпиада комитетінің өкілдері.

Биыл байрақты бәсекеге жерлестеріміз 25 лицензия жөніп алды. Жүзуден 7, дзюдодан 6 және пауэрлифтингтен 5 жолдама бар. Бұған қоса қазақстандық спортшылар жеңіл атлетика, тазквондо, ескек есу және оқ ату бағыттары бойынша да сынға түседі. Алғашқы бәсекелер 25 тамызда басталады. Қазақстан-

дық спортшылар арасынан ең бірінші болып жүзу шеберлері жарысқа қатысады.

— Ең бастысы — барлығы дін-аман. Көңіл күйіміз жақсы. Тест тапсыру, тіркеуден өту, басқа да құжаттастылыққа қатысты мәселелер біраз уақытты алады. Бірақ оған түсіністікпен қараймыз. Өйткені бұл — ең алдымен біздің қауіпсіздігімізге қатысты шаралар. Енді жаттығуды пысықтап, елабыройын аскақтатуымыз қажет, — дейді ұлттық құрама мүшесі Зұлфия Рабидуллинна.

М.ХАҚНАЗАР

## «Қайрат» жаңа бапкер тағайындамақ



**Жақын күндері Құрбан Бердыев алматылық «Қайрат» футбол клубының бас бапкері атанбақ. Бұл жайында спорт басылымдары жарыса жазып жатыр.**

Оның көмекшісі ретінде «Ростовта» бірге жұмыс істеген Дмитрий Кириченко тағайындалады. Мәліметтерге сенсек, маман Алматыға келіп үлгерген.

М.ТӨЛЕУ

## Жас теннисшілер жеңіспен оралды

**Қазақстандық жас теннисшілер Өзбекстан астанасы Ташкентте ITF Juniors G3 сериясы бойынша өткен халықаралық турнирде жеңімпаз атанды. Қазақстанның теннис федерациясы мәлім еткендей, ITF жастар рейтингінде 206-орында тұрған отандасымыз Аружан Сағындықова жеке лей сында үздік шықты.**

Теннисші тартысты өткен финалдық бәсекеде тұркиялық Лейла Елмазды 6:4, 4:6, 6:2 есебімен тізе бүктірді. Тағы бір қазақстандық Сандуғаш Кенжебаева Беларусь өкілі Александра Азаркомен жұптық сында ешкімді шақ келтірмеді. Олар финалда қазақстандықтар Аружан Сағындықова мен Карина Ризвановадан айласын асырды — 6:4, 6:4.

Сандуғаш Кенжебаева жеке лей сында ширек финалда Қырғыз Республикасынан келген Владислава Андреевскаяға жол берді. Мұнда Мария Синицына мен Еркежан Арыстанбекова жартылай финалға дейін жетті. Жұптық сында тағы бір қазақстандық, 16 жастағы Максим Батютенко спорттық жолында өзінің екінші титулына қол жеткізді. Ол өзбекстандық Амир Милушевпен бірге



финалда қазақстандықтар Никита Сидоров пен Олег Сыроватскийді 6:3, 6:7, 10:7 есебімен ұтты.

Сонымен, Ташкентте ашық хард төсенішінде өткен жарыста қазақстандық жастар төрт чемпиондық атақтың үшеуін жеңіп алды. Тағы бір қазақстандық София Исакова Ирпень Украина қаласында ITF Juniors G3. ITF Juniors G3 сериясы бойынша өткен Aizenstadt Memorial 2021 турнирінде жеңіс тұғырына көтерілді.

Ол финалда украиналық Полина Кузнецованы 2:6, 6:0, 6:3 есебімен қапы қалдырды. Осылай София Исакова биыл алғашқы табысына қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ Дамир Жалғасбай Арменияда өткен Kuregian Memorial Cup 14&sh-дег жарысында соңғы сында армениялық Михаил Аванесянға 7:6, 1:6, 1:6 есебімен есе жіберді.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

**AIQYN**  
NUR MEDIA

Меншік иесі —  
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —  
шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —  
секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —  
Атырау облысы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53  
byurukpaeva@litter.kz  
reklama@litter.kz

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97  
saidinova@litter.kz  
bekkozhasyeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №3982  
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сметі көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114